



ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Алмаз Дженишевич Джумаев Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

БАЛЫҚ ӨНДІРІСІНЕ БІРІЗДІЛІК ҚАЖЕТ

Үкімет дерегінше, Қазақстанда 2023 жылы балық өнімдері нарығының көлемі 88,3 мың тоннаны құрапты. 2024 жылы мөлшері 96,6 мың тоннаға жетсе, былтыр 99,5 мың болған. Өсім бар, дей тұрғанмен, әліге дейін импорттың көлемі басым түсіп тұр. Елдегі балық өнімдерінің 67 пайызы шетелдерден келеді.



Біздің елде балық өндірісін, соның ішінде аквамәдениетті дамытуға негізі мемлекеттік қолдау қарастырылған. Үкімет дереккөздеріне сүйенсек, кейінгі 3 жыл ішінде балық өсіретін шаруашылық саны екі есе көбейіпті. Бүгінде 700-ден астам шаруашылық жұмыс істеп тұр. Яғни, ресми мәліметтерге сенсек, балық өндірісінде барлық шаруаның жұмысы бірқалыпты. Ал балықпен айналысатындардың уәжіне құлақ түрсек, салада қордаланған түйткілдер бар.

→ 5

«ОРТАҚ ЖҮРЕК»



Солардың ішіндегі ақындық қуаты, поэтикалық әлемі, жазу мәнері, тілдік бояуы, ақындық мінез-құлқы жағынан алғанда ерекше дараланатын тұлға, ол үнемі шамырқанудан жазбайтын шабыт иесі Кеңшілік Мырзабеков болатын. Оның өзі де, сөзі де, мінезі де ақыншалық еді. Оның тумысынан біткен бұл шалқаз бітімі бірін-бірі толықтырып, арқаландырып, адуындатып жіберетін. Үнемі ұқыпты киініп, басын шалқаз ұстап, кеудесін алға шығара бой түзеп, көзін белгісіз бір алыс көкжиекке қадап, жирен бұйра шашын саусағымен тарамдап қойып, мойнын бір шұлғып ап, бір қолымен мықынын ұстап, аяғын сүйрете шалқазтай басып, жараған бұраша жан-жағына сес тастап, сол қолын сілтеп қалып, сәл шайқала түсіп, Мұқағалидың: «Ақын кетіп барады көшеменен», – деген өлеңін еске түсіріп келе жатқаны үнемі менің көз алдымда көлбең қағып тұрады. Мына шабынған бұра сияқты айбынды сұсы оның сөзсіз ақын екенін танытатын. Өзі де солай ойласын деп бұл фадетті машық еткен, көңіл күйіне айналдырған сияқты көрінетін.

→ 6

ЖАРЫҚТЫҢ ЖАЙЫ ЖАСЫРУҒА КЕЛМЕЙДІ



Естеріңізде болса, Сыр өңірінде дәл осындай жағдай 2023 жылы да болған еді. Ол кезде дүрбелең ақпан емес, қаңтар айында басталған болатын. Үш жыл бұрынғы қаңтар жаңбырмен басталып, толассыз жауған жауын салдарынан көшелерді су басып, тіпті кейбір көпқабатты үйлерді су шайып кеткені ел есінде. Бұл аз десеңіз, табиғаттың тосын мінезінен бірқатар аудан мен қала аумағы жарықсыз қалып, жарықпен бірге жылу жүйесі ажырап, қара халық дүрбелеңге түскен. Осылайша, ала жаздай қыстың қатал мінезіне қызу дайындық жүргізілгенін айтқан құзырлы орындардың сөзі құрдақлырт екенін осы бір жағдай ашып көрсетіп берген болатын.

Бұл жағдайдан кейін облыс әкімдігінде шұғыл жиын өткізіліп, халықты үздіксіз электр жарығымен қамтамасыз ете алмаған бірқатар тұлға сындырылды. Нақты айтқанда, сол жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев халықты қолайсыз жағдайға қалдырып, өз міндеттерін дұрыс атқармаған жауаптыларға көңілі толмайтынын жеткізген. Нәти-

жесінде, сол кездегі орынбасары мен қала әкіміне ауызша ескерту, сондай-ақ энергетика мен ТКШ басшысына, «Қызылорда электр тораптары компаниясының» директорына және қала әкімінің орынбасарына қатаң сөгіс жариялағанын білеміз.

→ 7

АТА ЗАҢ АЙШЫҒЫ: ӘЛ-АУҚАТТЫҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ



Жаңа Конституция жобасында мемлекет алғаш рет «халықтың әл-ауқатын арттыруды» өзінің басты бір міндеті ретінде айқындамақ. Бұл игі мұрат Тәуелсіздікті қорғау мен құқық үстемдігі секілді қасиетті құндылықтармен терезесі тең түсіп, «Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарының» қатарына қосылып, елдіктің берік негізі ретінде салтанат құруға тиіс. Әр шаңырақтың ырысы ортаймай, берекесі тасуы үшін ұлттық экономиканың қарқынды дамуы – бүгінгі күннің айнымас талабы. Осы ұлы көшті өрге сүйреп, өркениетке бастайтын басты қозғалтқыш күш отандық өңдеу өнеркәсібінің жаңа серпіні болмақ.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ – ДАМУДЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Ата Заңның жаңа нұсқасында халықтың тұрмысын түзеуді және экономиканы ілгері бастыруды Үкіметтің де, әкімдіктердің де тікелей конституциялық міндеті ретінде белгілеу ұсынылған.

Бұл – стратегиялық меже. Халық ауқатын жақсарту мемлекеттің басты мақсаты ретінде конституциялық деңгейде бекітілсе, экономикалық саясат та сол мақсатқа қызмет етуге тиіс болады.

Осы орайда Ата Заңның жаңа редакциясының 65-бабында Үкімет «мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын әзір-

леуге және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыруға» міндеттелді. Ал 89-бапта жергілікті атқарушы органдар «экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз етуге» тікелей жауапты екені көрсетілген.

(Жалғасы 5-бетте)

КӨЛЕҢКЕДЕ ҚАЛҒАН КЕСЕНЕ



Тарихтан сыр шерткен Құралай сұлу кесенесі 1996 жылы құлап қалғанымен, 2014 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта қалпына келтіріледі. Мазардың бастапқы болмысын суретші Айдархан Сихаев бұзбай, биіктігі 9,5 метрге жететін кесене тұрғызады. Сонымен қатар Жамбыл облыстық Мәдениет басқармасының қарамағына алынған бұл нысан бүгінде мемлекеттік қорғаудағы тарихи-мәдени ескерткіш мәртебесіне ие.

Бүгінде Құралай сұлу кесенесіне жету қиямет қайым. Құмның ортасында орналасқан тарихи орынға апарар жолдың сапасы сын көтермейді. Осы орайда Құралай сұлу кесенесіне инфрақұрылым жүргізу жұмыстары жоспарда бар-жоғын білмек мақсатта Мойынқұм ауданы әкімдігіне хабарластық. Алайда ондағылар мардымды жауап бермеді. Амал жоқ, анықанығын бір білер деген оймен облыстық Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының есігін қақтық.

→ 7

САЛТТЫҢ СЫНЫ САХНАДА

Режиссер Болат Ұзақов осы премьер а арқылы тағы бір өзекті мәселенің бірі – ауыл тұрғындарының жаппай қалаға көшуін көрсетуді мақсат еткен. Режиссердің осы ойын толықтыра түсетін мысал бар. Дәржан мен Испанәлі ақыры көздеген мақсаттарына жетеді. Қаладағы қымбат мейрамханада, үш тілде өтеді деп жоспарланған салтанатты той күтпеген жерден ауылда өтеді. Осылайша, оқиға ауыл тіршілігінің шынайы көрінісімен астасып, ұлттық болмыстың қадірін тағы бір мәрте еске салады. Қойылым соңында туған ауылына қайта оралған Әбдішімді туған жердің топырағы ерекше тебірентеді.



→ 8

12 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

САЯСИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барған Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев өңір жұртшылығымен және кәсіпорын жұмысшыларымен кездесіп, жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін талқылады. Кездесулерде конституциялық нормаларды іске асыру тетіктері, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мәселелері және аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдары сөз болды.



«Жаңа Конституция – ұзақмерзімді дамудың берік негізі» тақырыбына арналған диалогқа мәслихат депутаттары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, белсенді жастар және жергілікті кәсіпорындардың еңбек ұжымдары қатысты. Сенат Төрағасы еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтық қоғам институттарының бірлескен жұмысы айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

Мәулен Әшімбаев қазір Қазақстан ауқымды саяси жаңғыру кезеңін бастан өткеріп жатқанын айтты. Палата Спикері осыған байланысты өңір тұрғындарымен қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша тікелей кері байланыс орнату үшін ашық диалог жүргізудің және Мемлекет басшысы ұсынған реформаларды тиімді жүзеге асыру жолында бірлесіп жұмыс істеудің маңызы зор екенін тілге тиек етті.

«Қазір еліміз, ешбір әсірелеусіз, өзінің даму жолындағы нағыз тарихи кезеңді бастан өткеріп жатыр. Соңғы жылдары біз тәуелсіз мемлекет қалыптастырып, тұрақты дамудың берік негізін қаладық. Бүгінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамаларының арқасында экономикамызды, өндіріс пен кәсіпкерлікті жүйелі түрде дамытып келеміз. Адам капиталын дамытуға да ерекше көңіл бөлініп, ғылым мен білімге ауқымды инвестиция салынып жатыр. Осы тұрғыда құқықтық және институционалдық жүйемізді жаңарту қажеттігі айрықша мәнге ие болып отыр. Біз оны жаңа міндеттерге, алдағы онжылдықтарда әлемдік дамуды айқындайтын үдерістерге бейімдеуіміз керек. Сондықтан жаңа Конституция жобасы – ең алдымен, жаңа сын-қатерлерге берілген жауап. Бұл – жаһандық тұрақсыздық жағдайында еліміздің өрі қарай серпініп, тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған және алдын ала жасалған маңызды қадам», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттарына тоқталып, бұл құжатты мемлекетті дамытудың ұзақмерзімді бағдары және саяси жүйені кешенді жаңғыртуды көздейтін маңызды тетік деп атады. Оның айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік институттарды жаңа-жаңы жаңғыртып, заман талаптарына жедел бейімделетін ікемді мемлекеттік жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Жаңа Ата Заң жобасы күшті әрі құзыретті Парламент, тиімді әрі нәтижелі Үкімет және тәуелсіз әрі ашық сот жүйесін қалыптастыруға жол ашады. Саяси партиялардың рөлі күшейіп, консультативтік институттар дамиды. Сондай-ақ мәслихаттардың ықпалы артып, орталық пен өңірлер арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді жүйесі құрылады. Мұның бәрі әртүрлі әлеуметтік және этностық топтардың пікірін ескере отырып, мемлекетке уақытылы әрі салмақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді», – дей келе, Сенат Төрағасы өңір тұрғындарымен кездесуде алдағы кезеңде бірлесіп атқаратын жұмыстың негізгі бағыттарына назар аударды.

Облыстың белсенді жастарымен кездесуде Мәулен Әшімбаев конституциялық өзгерістер жас буынға өз әлеуеттерін жүзеге асыруға мол мүмкіндік беретінін айтты. Сонымен қатар ол мемлекеттік бастамалардың табысты жүзеге асырылуы, ең алдымен, азаматтық жауапкершілікке және жастардың елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуына тікелей байланысты екенін атап өтті.

«Жаңа Конституция жастарға үлкен мүмкіндіктер кеністігін ұсынады. Оның негізінде әділеттілік, заң үстемдігі және тең мүмкіндіктер қағидаттары жатыр. Бұл – әрбір жас азамат өзінің білімінің, еңбегінің және бастамашылығының арқасында әлеуетін толық жүзеге асыра алатын жағдай деген сөз. Ата Заң жобасында білім, ғылым, мәдениет және инновацияны дамытуға арналған басымдықтар бекітіліп, шығармашылық еркіндік пен зияткерлік меншікті қорғау кепілдіктері қарастырылған. Яғни, дарынды, білімді әрі бастамашыл жастарды қолдау ел дамуының стратегиялық басымдығына айналады. Бұл ретте жастардың өз жауапкершілігін терең сезініп, қазіргі тарихи өзгерістердің ауқымын түсініп, елдің қоғамдық өміріне белсенді араласуы аса маңызды», – деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар сапар барысында Мәулен Әшімбаев «ЗИКСТО» ЖШС вагон жасау зауытының және қағаз өнімдерін шығаратын «Рим-ҚазАгро» фабрикасының еңбек ұжымдарымен кездесті. Одан бөлек, Парламент депутаттары «Мағжан орталығының» және Петропавл қаласындағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған №2 коррекциялық мектебінің қызметімен танысты. Сондай-ақ аталған оқу орнының ұстаздарымен, Sensitive есту қабілеті төмен бишілер ансамблімен және өңірдің бочашыларымен кездесті.

БЕЙБІТ АТОМ – БАСТЫ МАҚСАТ



Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан делегациясы Парижде Ядролық энергетика жөніндегі екінші халықаралық саммитке қатысты. 50-ден астам елдің Мемлекет, Үкімет, мемлекеттік орган басшылары, халықаралық ұйымдардың жетекшілері, қаржы институттарының, өнеркәсіптің және сарапшылар қоғамдастығының өкілдері азаматтық ядролық энергетиканың негізгі энергетикалық және климаттық сын-қатерлер жағдайындағы рөлін талқылады.

Мәжіліс Спикері қарсы алған Франция Президенті Эммануэль Макрон біздің Мемлекет басшысына жылы лебізін жеткізіп, Саммитке Қазақстан делегациясын жібергені үшін алғысын білдірді.

Форумды ашқан француз көшбасшысы ядролық энергетиканы қазіргі әлемдегі прогрестің, өркендеу мен егемендіктің факторы деп атады. Оның ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және инновациялық технологияларды енгізуге жол ашатынын айтты. Эммануэль Макрон Қазақстанға және уранның сенімді жеткізушілері саналатын бірнеше елге қолдау білдіріп, Саммит қатысушыларын бейбіт атом саласында мемлекетаралық ынтымақтастықты кеңейтуге шақырды.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің бас директоры Рафаэль Мариано Гросси қазіргі уақытта цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы әлемдік қоғамдастықтың алдында көптеген мәселе туындатып отырғанын, оларға атом энергиясы жауап бере алатынын атап көрсетті.

Еуропалық комиссия төрағасы Урсула фон дер Ляйен Еуропаның азаматтық ядролық энергетикадан бас тартуын ең үлкен стратегиялық қателік деді. Осыны түсіне отырып, Еуропалық Одақ инновациялық ядролық технологияларға салынатын инвестицияларды қолдау үшін 200 миллион еуро көлемінде кепілдік қорын құру туралы шешім қабылдады.

Мәжіліс Спикері өз сөзінде Франция басшысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізін жеткізді. Ол қауіпсіз әрі орнықты атом энергетикасын дамыту жолында халықаралық деңгейде күш-жігер жұмылдыру үшін іс-шараның маңызды екенін атап өтті, сондай-ақ бейбіт атомды дамыту бойынша елімізде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Қазақстан энергетикалық дамуын жаңа белесіне – атом энергетикасы дәуіріне қадам басуда. Біз атом энергетикасын стратегиялық тұрғыда сенімді әрі қолжетімді энергия көзі ретінде қарастырамыз. 2024 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда АЭС салу мәселесін жалпыхалықтық референдумға шығарды. Референдум нәтижелері бүгінгі таңда бізге заманауи, орнықты әрі ортапаңдандырылған энергетикалық жүйені дамытуға жол ашып отыр. Атом электр стансасын салу жобасын іске асыру халықаралық консорциум құруды көздейді. Қазіргі уақытта табиғи, геологиялық, сейсмикалық, гидрологиялық және техногендік факторларға баға беріле отырып, кешенді инженерлік зерттеулер жүргізілуде, – деді Ерлан Қошанов.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар ТМД елдерімен, сондай-ақ Әзербайжан, Өзбекстан және Тәжікстанмен түрлі бағыттар бойынша ынтымақтастық аясындағы бірқатар халықаралық құжатты ратификациялады.

Мәжіліс Әзербайжан, Қазақстан және Өзбекстан елдері арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді ратификациялап, Сенатқа жолдады. Тараптар бұл құжатқа 2024 жылғы 13 қарашада Бакуде қол қойған. Келісімді депутаттарға Энергетика министрі Ерлан Аккенженов таныстырды.

– Келісім үш елдің жаңартылатын энергия көздерінің қазіргі әлеуетін тиімді пайдалануға және жасыл аммиак пен сутекті қамтитын экологиялық таза электр энергиясы саудасын дамытуға бағытталған. Жоба аясында Қазақстан мен Өзбекстаннан Әзербайжанға Каспий теңізінің түбі арқылы суасты кабелін салу арқылы жасыл энергия беру жоспарланып отыр. Бұл сондай-ақ электр энергиясын Қара теңіздегі осындай жоба арқылы Еуропа елдеріне экспорттауға мүмкіндік береді, – деді министр.

Е.Аккенженовтің айтуынша, қазір жоба белсенді іске асыру кезеңінде. Үш елдің энергетикалық ведомстволары Азия даму банкімен және Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкімен меморандумға қол қойған. Соның аясында жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу қаржыландырылады. Нәтижесінде, жобаның қаржылық моделі мен негізгі техникалық параметрлері айқындалады.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Ерболат Сатыбалды ұшжақты ынтымақтастық аясында энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту мен интеграциялау, сондай-ақ бірлескен жобаларды іске асыру қамтылатынын айтты. Оның ішінде жаңа энергетикалық жүйелерді байланыстыру құру да бар. Өзара іс-қимыл тараптардың теңдігі, өзара тиімділік,



егемендік пен ұлттық мүдделерді құрметтеу қағидаттарына негізделіп, қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Депутаттар Қазақстанда осы келісім аясында іске асырылатын жобалар, олардың іске қосылу мерзімдері және Каспий теңізі арқылы электр энергиясын тасымалдауға арналған инфрақұрылым туралы сұрақтар қойды. Сондай-ақ жасыл сутекті мен аммиактың қандай шарттармен сатылатынын нақтылады.

Сонымен қатар Мәжіліс Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты да ратификациялады. Бұл құжатқа тараптар 2024 жылғы 22 тамызда Душанбеде қол қойған.

Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ержан Ашықбаевтың айтуынша, құжат кеңауқымды ынтымақтастық салаларын қамтиды. Қазіргі уақытта екі ел арасында жүзге жуық сәйкестік келісім бар. Атап айтқанда, шартта саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік, ғылыми, технологиялық, мәдени және гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимыл нысандары мен тетіктерін жетілдіру қамтылған.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Максим Рожин тараптар парламентаралық достық

топтары мен парламентаралық ұйымдар аясында ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды қолдайтынын айтты. Сондай-ақ олар Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерін өңірлік мәселелерді талқылау мен шешудің негізгі тетігі ретінде қарастырды. Ұнтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыты – су ресурстарын ұтымды, өзара тиімді пайдалану және қорғау.

– Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған сауда-экономикалық өзара іс-қимылға да ерекше назар аударылады. Бұл инвестицияларды қолдау мен өзара қорғауды, сондай-ақ екі елдің азаматтары, кәсіпорындары және экономикалық ынтымақтастықтың басқа да қатысушылары арасындағы тікелей байланыстарды дамытуды қамтиды, – деп нақтылады Максим Рожин.

Депутаттар сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимыл туралы келісімді ратификациялады. Құжатқа 2023 жылғы 8 маусымда Сочиде қол қойылған.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, келісім аясында тараптар

радиациялық жағдай туралы деректерді алмасу үшін уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастыруға тиіс. Сонымен қатар радиациялық жағдайдың жай-күйі мен оның өзгерістері туралы өзекті ақпарат ұсыну және радиоактивті заттардың трансшекаралық таралу қаупі немесе фактісі туындаған жағдайда деректер алмасу көзделген.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Вера Ким бұл келісімді іске асыру Қазақстан мен ТМД елдерінің азаматтарының денсаулығын қорғауға және қоршаған ортаға төнетін қауіпті азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Бұдан бөлек, Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қазақстан мен Қатар үкіметтері арасындағы қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау жөніндегі жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс соңында депутаттар жаңа Конституция жобасына қатысты пікір білдірді. Депутат Нартай Сәрсенғалиев бұл құжат Мемлекет басшысы бастамашы болған саяси реформалардың нәтижесі екенін, ол қоғамда жаңа-жаңы талқыланғанын атап өтті. Ата Заң жобасы «Әділетті Қазақстан» қағидаттарын нығайтуға, адам капиталын, ғылым мен инновацияны дамытуға бағытталған. Депутат сондай-ақ қазіргі азаматтыққа тыйым салу, теңгені ұлттық валюта ретінде бекіту және Ата Заңды тек халықтың тікелей қатысуымен өзгерту нормаларына назар аударды.

Мәжіліс депутаты Никита Шаталов өз сөзін бірінші кезекте қазақстандық жастарға арнады. Ол тәуелсіздік жылдарында еліміз айтарлықтай өзгергенін атап өтті. Білім алу мен халықаралық деңгейде мансап құру мүмкіндіктерін кеңейтіне, цифрлық экономика мен өнеркәсіптің жобалар қарқынды дамып жатқанына, қоғамда мәдениетаралық келісім сақталғанына тоқталды. Депутат, әсіресе жаһандық тұрақсыздық кезеңінде мемлекеттің мықты болуы ерекше маңызды екенін айта келіп, жаңа Конституция жобасы Парламенттің рөлін күшейтетінін, азаматтардың шешім қабылдауға қатысу жолдарын кеңейтетініне, елдің ұзақ жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтынына назар аударды.



САРАПШЫЛАР ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астанада Парламент депутаттарының, саясаттанушылардың, академиялық қауымдастық өкілдерінің, журналистер мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен «Конституциялық реформа және қоғамдық диалог: келешекке бағдар» атты отырыс өтті.

Қатысушылар жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін және тұрақты мемлекет архитектурасын қалыптастыруға бағытталған институционалдық өзгерістерді талқылады. Қоғамның білімге негізделген дамуы, инновациялар және азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Алғашқы панельдік сессия жаңа Конституция институттарына арналды. Сессия модераторы Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айдоос Сарым болды. Пікірталас барысында сарапшылар жаңа Конституция жобасындағы институционалдық өзгерістерді және олардың саяси жүйенің тұрақтылығына ықпалын қарастырды.

Саясаттанушы Андрей Чеботарев конституциялық реформаның мемлекеттік жүйенің институционалдық негіздерін нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

— Сонымен қатар жаңа Конституция шешім қабылдау үдерісіне қоғамның қатысу тетіктерін кеңейтуді көздейді. Халық кеңесін, қоғамдық кеңестерді, жергілікті қауымдастықтардың жиындары мен басқосуларын қамтитын қоғамдық диалог пен сараптаманың көпдеңгейлі жүйесі қалыптасуда, — деп өз пікірін білдірді сарапшы.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі Марат Шибатов жаңа Конституция жобасының азаматтардың саяси өмірге қатысуын қалай кеңейтетіні туралы талдау ұсынды.

— Құрылтайдағы партиялық өкілдіктің кеңейі және Қазақстан Халық кеңесінің рөлінің артуы саяси өкілдіктің неғұрлым теңгерімді жүйесін қалыптастырады. Бұл шешім қабылдау процесіне қоғамдық және саяси акторлардың көбірек қатысуына ықпал етіп, саяси жүйенің институционалдық тұрақтылығын нығайтады, — деп атап өтті М. Шибатов.

Мәжіліс депутаты Абзал Құспан Негізгі заң жобасы адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

— Құжатта жеке тұлғаны қорғаудың бірқатар жаңа тетігі бекітіледі. Оның ішінде азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну мүмкіндіктерін кеңейту, адвокатураның рөлін күшейту, сондай-ақ халықаралық тәжірибеде қолданылатын «Миранда ережесіне» ұқсас құқықтық нормаларды енгізу қарастырылған. Бұл ереже ұсталған адамдарға олардың құқықтарын міндетті түрде түсіндіруді көздейді, — деп атап өтті А. Құспан.

Саясаттанушы Талғат Қалиев өз сөзінде конституциялық реформа тұрақтылығы көбіне жеке тұлғалық факторға сүйенген саяси жүйе моделінен ережелерге, рәсімдерге және өкілеттіктердің теңгеріміне негізделген неғұрлым институционалдық жүйеге көшу үрдісін көрсететінін айтты.

«Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының президенті Қарлығаш Жаманқұлова жаңа Конституцияның өзегін құндылықтар, соның ішінде қоғамдық диалог пен сөз бостандығы құндылықтары құрайтынын атап өтті.

— Бізде сөз бостандығы бар екенін, цензураға тыйым салынғанын білеміз. Яғни, плюрализм кеңістігі қамтамасыз етілген, белгілі бір мәселелерге әртүрлі көзқараспен қарау мүмкіндігі бар. Бұл қоғамдық диалогқа қатысты барлық институттарға да таралады, — деді қоғам белсендісі.

Журналист және сарапшы Нұрбек Матжани сөз бостандығы мен жауапкершілік мәселелеріне тоқталды.

— Жаңа Конституция әр адамның өз көзқарасын еркін білдіру құқығын бекітеді, сонымен қатар азаматтардың ар-намысы мен қадір-

қасиетін, сондай-ақ жеке өмірін қорғаудың құқықтық тетіктерін де қарастырады, — деп атап өтті сарапшы.

Ол негізгі кепілдіктердің қатарында цензураға тікелей конституциялық тыйым салынуын, сондай-ақ ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық еркіндігінің бекітілуін атап өтті.

Білім беру, инновациялар және цифрлық құқықтар мәселелеріне арналған екінші панельдік сессияның модераторы Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов болды. Қатысушылар конституциялық реформаның адами капиталды, ғылымды, инновацияларды және цифрлық ортаны дамытуға ықпалын талқылады.

Сессия барысында саясаттанушы Ғазиз Әбішев жаңа Конституция жобасында мемлекеттің және білім беру жүйесінің зайырлы сипатын бекітудің маңызын атап өтті.

— Бұл ережелер ар-ождан бостандығы мен зайырлы мемлекет қағидаты арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, сондай-ақ дінді саясаттандырудың алдын алуға және қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған, — деп атап өтті Ғ. Әбішев.

Maqсut Nariкbaev University профессоры Марат Ахмади қазіргі жағдайда адами капиталдың басты стратегиялық ресурсқа айналып отырғанын атап өтті. Сарапшының пікірінше, Конституцияда ғылымды, білім беруді және инновацияларды дамыту басымдықтарын бекіту Қазақстанның білім экономикасына көшуіне және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға институционалдық негіз қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек технологиялық серпіліс өңірлік, географиялық, технологиялық және экономикалық теңсіздікті күшейтіп, белгілі бір теңгерімсіздіктер туғызғанын айтты.

— Осыған байланысты инновациялар, адами капитал, білім мен ғылым мәселелерінің жаңа Конституцияның негізгі мәндерінің біріне айналып, оның стратегиялық басымдықтары мен базалық құндылықтары ретінде қарастырылып отырғаны мен үшін үлкен қуаныш, — деп атап өтті С. Нұрбек.

Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева жаңа Конституция жобасы адам мен бала құқықтарын қорғау жүйесін күшейтетінін атап өтті.

— Құжатта отбасын, ана мен баланы қолдаудың қосымша кепілдіктері бекітіліп, мемлекеттік саясаттың адамға бағытталған сипаты айқын көрсетіледі, — деді Динара Зәкиева.

Осыған ұқсас пікірді Bilim Group компаниясының негізін қалаушы Рауан Кенжетханұлы да білдірді. Оның айтуынша, XXI ғасырда қоғам дамуының негізгі факторы — оның интеллектуалдық әлеуеті.

— Білім, ғылым және инновацияларды дамыту білім қоғамының негізін қалыптастырады, ол тұрақты экономикалық өсудің басты көзіне айналады, — деп атап өтті Рауан Кенжетханұлы.

Саясаттанушы Эдуард Полетаев қазіргі Конституция тек құқықтық қана емес, сонымен қатар стратегиялық функцияны атқаратынын, оның ұзақмерзімді мемлекеттік дамуының құндылықтық аясын анықтайтынын айтты.

Сараптамалық платформа қорытындысы бойынша қатысушылар жаңа Конституция Қазақстанның әрі қарайғы дамуының институционалдық және құндылықтық негіздерін қалыптастыратынын, оның адам құқықтарын нығайтуға, білім қоғамын дамытуға және мемлекеттік жүйенің тұрақтылығын жаһандық өзгерістер жағдайында арттыруға бағытталғанын атап өтті.



**ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ
«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ
КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН»**

15
НАУРЫЗ
referendum2026.kz



**Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!**

**15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ**

**Дауыс беру учаскесін қалай
табуға болады?**

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=kk>



<https://referendum2026.gov.kz/kk>



<https://referendum.gov.kz/kk>

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz**

ХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

12 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Алдымен жалпыұлттық коалиция мүшелері Жезқазғандағы С.Қожамқұлов атындағы Қазақ музыкалық-драма театрында өңір халқымен кездесу өткізді. Жиында Премьер-министрдің орынбасары жаңа Конституция жобасында білім беру, ғылым, мәдениет және инновацияларды дамытуға, сондай-ақ ұлттық бірегейлік пен тарихи-мәдени мұраны сақтауға бағытталған нормаларға ерекше назар аударды.

«Жаңа Конституцияда ұлттық мәдениетті дамыту, тарихи-мәдени мұраны сақтау сияқты мәселелер де нақты көрініс тапқан. Мұның бәрі ұлттық болмысымызды сақтауға және рухани құндылықтарды келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды қадам деп білемін. Жоба аясында білім беру, ғылым, мәдениет және инновация салаларын дамытуға ерекше назар аударылады. Өйткені қазіргі заманда адам капиталы — кез келген елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты факторы. Қуатты мемлекеттің тірегі — озық ойлы ұлт, дамыған мәдениет және жоғары зияткерлік әлеует», — деді Үкімет басшысының орынбасары.

Сонымен қатар Аида Балаева жаңа Конституция жобасы іргелі демократиялық қағидаттарды нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Оның ішінде сөз бостандығына кепілдік беру мәселесі ерекше көрсетілген. Сонымен бірге әрбір азаматтың ар-намысы, қадір-қасиеті мен құқықтарын қорғау да толық қамтамасыз етілетіні нақты айқындалған.

«Жаңа Конституция жобасы дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, сөз бостандығына толық кепілдік береді. Ұсынылып отырған нормалар сөз бостандығын шектеуге емес, әр адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін, жеке өмірін қорғауға бағытталған. Ең бастысы, негізгі қағида өзгеріссіз қалады. Конституцияда сөз бостандығына кепілдік беріледі және цензураға тыйым салынады. Сөз бостандығы мәселесіне тек журналистиканы дамыту тұрғысынан ғана қарауға болмайды. Қазіргі ашық қоғамда әркім өз ойын еркін білдіре алады, бірақ бұл құқық кең мүмкіндіктермен қатар белгілі бір жауапкершілікті де талап етеді. Әрине, қоғамда әртүрлі пікірдің

айтылуы — қалыпты құбылыс. Дегенмен қандай сын айтылса да, тұтас бір халықты кемсітіп немесе оның болашағына күмән келтіретін тұжырымдар жасау дұрыс емес деп ойлаймын. Қазақ халқы ғасырлар бойы талай тарихи сыннан өтіп, өзінің тілін, мәдениетін және ұлттық болмысын сақтап қалған халық. Ең бастысы, Президентіміз айтқандай, тәуелсіздік — бәрінен де қымбат құндылық. Тәуелсіздік бізге кездейсоқ келген жоқ, ата-бабамыздың күресі мен қаншама боздақтарымыздың еңбегінің нәтижесінде келді. Сондықтан оның қадірін төмендетуге немесе жоққа шығаруға болмайды. Ең маңыздысы — қоғамды бөлетін емес, біріктіретін ой айту, ұлт болып ауыз-бірлігімізді сақтап, татулық пен өзара сыйластық арқылы ортақ мүддемізді қорғау», — деді Аида Балаева.

Премьер-министрдің орынбасары жаңа Конституция жобасының қоғамда кең талқылануы елдегі саяси мәдениет пен азаматтық жауапкершіліктің арта түскенінің айқын көрінісі екенін атап өтті.

«Қазіргі кезде жаңа Конституция туралы қоғамда әртүрлі пікір айтылып жатыр. Бұл — қалыпты құбылыс. Өйткені азаматтардың Ата Заңның әрбір бабына үніліп, оның мазмұны мен болашақтағы ықпалын талқылауы — қоғамның саяси мәдениетінің өскенін, азаматтық жауапкершіліктің күшейгенін көрсетеді. Жасыратыны жоқ, Конституцияға енгізілген өзгерістерді Президенттің билігін күшейту әрекеті деп бағалап жатқандар да бар. Алайда бұл пікірдің еш негізі жоқ. Жаңа Конституцияда Президент өкілеттігіне белгілі бір шектеулер енгізілген. Мәселен, Жаңа Конституцияға сәйкес, Президент жеті жылдық мерзімге бір рет қана сайланады, сондай-ақ оның жақын туыстары жоғары мемлекеттік қызметтерге тағайындала алмайды. Шын мәнінде, Мемлекет басшысы суперпрезиденттік модельге мұқтаж емес. Керісінше, бүгінгідей аумалы-төкпелі, күрделі геосаяси кезеңде бізге елдің тыныштығы мен тұрақты дамуына кепіл бола алатын, мемлекет мүддесін бәрінен жоғары қоятын Қасым-Жомарт Тоқаевтай Президент қажет», — деді Аида Балаева.

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Ұлытау облысының тұрғындарымен кездесті. Делегацияны Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бастап барды. Кездесуге депутаттар мен сарапшылар қауымдастығының өкілдері, қоғам қайраткерлері, заңгерлер, білім беру саласының мамандары және өңір тұрғындары қатысты.

ҰЛЫТАУ ХАЛҚЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫ ҚОЛДАДЫ

Кездесуде жалпыұлттық коалиция өкілдері — Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай, мемлекет және қоғам қайраткері, заңгер Серік Ақылбай, ғалым, қоғам қайраткері Нұрлан Дулатбеков сөз сөйледі. Спикерлер өз баяндамаларында ұсынылып отырған өзгерістер қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға қосымша жағдай жасайтынын, сондай-ақ азаматтардың елдің қоғамдық және саяси өміріне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтетінін жеткізді.

Ұлытау облыстық Аналар кеңесінің төрағасы Гүлбану Сейтжанова жаңа Конституция жобасы отбасы құндылықтарының, этносаралық келісімнің және қоғамдық диалогтың маңызды арттыру факторына ерекше зер салды.

Бұдан кейін «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы мүшелері Жезқазған қаласындағы Kazakhmys Smelting компаниясына қарасты Kazkat зауытының алаңында кәсіпорынның еңбек ұжымымен кездесті.

Кәсіпорынның еңбек ұжымымен кездесуде Аида Балаева жаңа Конституция жобасының негізгі қағидаты — адам құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ оның қауіпсіздігін басымдығын қамтамасыз ету және еңбеккерлердің құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейту екенін атап өтті.

«Жаңа Конституцияның өзегінде адам, оның құқықтары, бостандықтары мен қауіпсіздігі тұр. Өнеркәсіп саласы үшін еңбек ұжымдарына тікелей қатысты нормалардың маңызы ерекше. Ата Заң еңбек ету құқығын, қауіпсіз еңбек жағдайларын және кемсітусіз өміл еңбекке алуы бекітеді. Бұл нормалар өндірістік жаракаттану деңгейін төмендетуге және жұмысшылардың денсаулығын сақтауға бағытталған. Яғни, еңбек жағдайлары үшін жұмыс беруші мен мемлекеттің жауапкершілігі ең жоғары деңгейде — Конституция деңгейінде бекітіледі. Заң үстемдігі қағидаты орныққан елде болжамдылық жоғары болады, тәуекел азаяды, ертенгі күнге деген сенім күшейеді. Ал бұл өз кезегінде кәсіпорындардың

дамуына және жұмысшылар отбасыларының әл-ауқатының артуына жаңа мүмкіндіктер ашады», — деді Аида Балаева.

Қатысушылар ірі өндірістік ұжымдар үшін конституциялық реформаның тек саяси оқиға ғана емес, сонымен бірге жұмысшылардың күнделікті өмірімен, кәсіпорындардың тұрақтылығымен, еңбек құқықтарының қорғалуымен және ертенгі күнге деген сеніммен тікелей байланысты маңызды шешім екенін атап өтті. Сондықтан талқылау барысында қауіпсіз еңбек жағдайлары, әділ еңбекақы, заң үстемдігі, азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік шешімдердің болжамдылығы сияқты нормаларға ерекше назар аударылды.

Жалпыұлттық коалиция мүшелері Ұлытау облысына сапары аясында Сәтбаев қаласындағы «Анненская» шахтасының жұмысшыларымен кездесу өткізді.

Аида Балаева жаңа Конституция жобасы ең алдымен азаматтардың мүддесіне бағытталғанын және еңбек ұжымдары үшін айрықша маңызды құндылықтарды бекітетінін атап өтті.

«Жоба мазмұнының мәні ең алдымен преамбуладан көрініс табады. Ол «Біз, Қазақстанның біртұтас халқы...» деген сөздермен басталады. Бұл — маңызды әрі терен мағынасы бар тұжырым. Яғни, елдің болашағын айқындайтын басты құжаттың негізінде халықтың еркі жатыр деген сөз. Демек, мемлекет қалай дамитынына бәріміз де ортақ жауаптымыз. Преамбулада еңбек адамдарына ерекше жақын құндылықтар көрініс тапқан. Атап айтқанда, еңбек пен білімге құрмет, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік, «Заң мен Тәртіп» қағидаты, әділдік пен орнықты даму бәріміз үшін аса маңызды құндылықтар. Шахтадағы еңбек тұрғысынан қарасак, бұл қағидалардың мәні айрықша түсінікті. Тәртіп пен талап болмаса, қауіпсіздік болмайды. Ал әділ ереже мен жауапкершілік болмаса, ұжымда да, қоғамда да сенім болмайды», — деді Аида Балаева.

Өңгіме барысында жаңа Конституция жобасында еңбек жағдайларының тиісті деңгейде қамтамасыз етілуі үшін жауап-

кершілік анағұрлым нақты айқындалатыны, ал өндірістегі қауіпсіздік қазіргі заманғы әлеуметтік саясаттың негізгі стандарттарының бірі ретінде қарастырылатыны атап өтілді.

Осыдан кейін «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Сәтбаев қаласында Абай атындағы №4 мектеп-лицейінің еңбек ұжымымен кездесті. Басқосуда Конституция жобасының білім беру ортасына, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және адами капиталды дамытуға тікелей қатысты ережелеріне ерекше назар аударылды.

Аида Балаева жаңа Конституция жобасында білім беру жүйесін дамыту, зайырлы білім беру қағидаларын нығайту және барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінгенін атап өтті.

«Жаңа Конституция жобасында Қазақстандағы білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты нақты әрі анық бекітілген. Бұл норманы дұрыс түсіну өте маңызды. Ол ешқандай жағдайда дінге қарсы бағытталмаған және азаматтардың ар-ождан бостандығын шектемейді. Мұндағы мақсат — мемлекеттік мектептің барлық балалар үшін тең әрі бейтарап білім беру кеңістігі болып қалуын қамтамасыз ету. Яғни, әрбір бала ата-анасының отбасылық немесе діни көзқарасына қарамастан, әділдік пен тең мүмкіндіктер қағидаларына негізделген ортада білім алуы тиіс. Сонымен бірге білім беру стандарттары барлық оқушы үшін бірдей болуы қажет.

Сонымен қатар білім беру саласындағы негізгі кепілдіктер толық сақталады. Тіпті, жаңа норма оларды едәуір кеңейтеді. Қолданыстағы Конституцияда міндетті орта білім туралы айтылса, жаңа жобада білім алудың міндеттілігі тек орта деңгейде ғана емес, бастауыш білім деңгейінде де бекітіледі. Бұл, шын мәнінде, мемлекет әрбір баланың ең алғашқы қадамдарынан бастап білім алуына жауапкершілік алады дегенді білдіреді. Яғни, базалық білім деңгейі әр бала үшін қамтамасыз етілуі тиіс.

Жалпы алғанда, Конституция жобасының мәні тек жекелеген нормалармен шектелмейді. Оның негізгі идеясы әлдеқайда кең. Жаңа мемлекеттік модельдің өзегінде адам және оның әл-ауқаты тұр. Сонымен бірге елдің болашағы ең алдымен адами капиталдың сапасына, білім деңгейіне және азаматтардың жасампаз әлеуетіне байланысты екені нақты көрсетіледі. Сондықтан білім беру жүйесін дамыту, ғылымды қолдау және инновацияларды ілгерілету мемлекет үшін стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде белгіленеді», — деп атап өтті вице-премьер.

Кездесу қорытындысы бойынша педагогикалық қауымдастық өкілдері алдағы референдумға белсенді қатысудың маңыздылығын атап өтті, дәл осындай саналы азаматтық ұстаным арқылы Қазақстанның болашағының берік іргетасы қаланатынын жеткізді.

М.ТӨЛЕУ

— Жаңа Конституция жобасында құқықтық мемлекетті дамытудың негізгі қағидаттары мен тетіктер қалай айқындалған?

— Құқықтық мемлекеттің ең басты белгісі — биліктің емес, адам мерейінің үстемдігі. Жобаның 1-бабына үнілгені, Қазақстанның «құқықтық мемлекет» екені, мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары нақты көрсетілген. 15-баптың 2-тармағында адам құқықтары әркімге тұмсымен тиесілі және олар ажыратуға болмайтын деп танылады. Негізінен, Конституция жобасының преамбуласында «Заң мен тәртіп қағидаты» Әділетті Қазақстанның негізі ретінде көрсетілген. Ал 4-баптың 4-тармағында мемлекеттік билік біртұтас болғанымен, оның заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі мен өзара іс-қимыл жасау қағидаты бекітілген.

Құқықтық мемлекетте тек азамат қана емес, мемлекет те заң алдында жауапты. 15-баптың 6-тармағы — революциялық норма. Мұнда әр адамның мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның заңсыз әрекетінен келген зиянды мемлекеттен өтетін алуға құқығы бар екені жазылған. Бұл сененіктердің өз еркімен шешім қабылдауына тосқауыл қояды. Құқықтық мемлекеттің соңғы инстанциясы тәуелсіз сот. 12-баптың 2-тармағы әр адамның өз құқығын сот арқылы қорғау құқығын мызғымастай қылып бекітеді. Ал 5-баптың 1-тармағында Конституциялық Сот пен Жоғарғы Соттың қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көзі ретінде танылған. Бұл сот төрелігінің сапасын арттырады. Жаңа жобада құқықтық мемлекет «адам құқығы, заң үстемдігі, билік бөлінісі, сот тәуелсіздігі» тізбегі арқылы іске асатын тірі механизм ретінде сипатталған.

— Жобадан мемлекеттік органдар мен билік институттарының теңдік принципі сақтау үшін қандай бақылау немесе есептілік шаралары қарастырылған?

— Бұдан дейін бізде Президент көптеген лауазымды тұлғаны жеке өзі тағайындаса, жаңа жобадан бұл процесс өкілді органның, яғни Құрылтайдың қатан бақылауына алынған. Президент Вице-президентті, Премьер-министрді, Конституциялық Сот судьяларын (10 адам), ОСК мүшелерін (6 адам) және Жоғары аудиторлық палата мүшелерін (8 адам) тағайындау үшін Құрылтай депутаттарының көпшілік дауысымен берілген келісімін алуға міндетті. Егер Құрылтай келісім бермесе, Президент бұл тұлғаларды тағайындай алмайды. Мемлекеттік органдардың біріне-бірі есепті болуы — жауапкершіліктің арттырады.

Ал билік институттарының заңнан аспауын қадағалайтын ең жоғары орган — Конституциялық Сот. Президент Конституциялық Сотқа күшіне енген заңның

Жаңа Конституция жобасында адам құқықтары мен азаматтардың теңдігіне қатысты нормаларға ерекше назар аударылғаны жиі айтылады. Құжатта кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермеу және барлық азаматтардың заң алдында тең болуы негізгі қағидалардың бірі ретінде бекітілмек. Бұл өзгерістер қоғамдағы әділдік пен құқықтық мәдениетті нығайтуға қалай әсер етеді? Осы және өзге де мәселелер туралы Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі, Qazaqstan ұлттық телеарнасының продюсері әрі жүргізушісі Ерқанат Көпжасарұлы айтып берді.

Ерқанат КӨПЖАСАРҰЛЫ:

ҚОҒАММЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАЙТЫН «ТІРІ ҚҰҚЫҚ»

немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы өтініш жібере алады. Құқықтық мемлекетте биліктің бір қолға шоғырлануы — аса қауіпті мәселе. Жаңа Конституция жобасында мұндай келенсіздіктердің алдын алу мұқият қарастырылған. Мысалы, 4-баптың 3-тармағында «Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады» деп көрсетілген. Халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Президент пен Құрылтайдың арасында конституциялық өкілеттіктері шегінде бөлінген. Президенттің тек бір рет, жеті жылға сайлануы биліктің ауыспалылығын және демократиялық бақылауды қамтамасыз ететін басты саяси тетік деп сенеміз. Аталмыш норманың өзгермейтіні (43-бап, 5-тармақ) жүйенің тұрақтылығының кепілі болуы керек. Бұл — «күшті Президент — ықпалды Құрылтай — есепті Үкімет» формуласының заң тұрғысында бекітілуі.

— Азаматтардың заң алдындағы теңдігі қалай бекітілген? Жыныс, этникалық топ, әлеуметтік мәртебеге байланысты кемсітушілікке жол бермеу қалай қамтамасыз етіледі?

— Жаңа Конституция жобасы азаматтарды «артық» немесе «кем» демеуі, бәріне бірдей ортақ құқықтық кеңістік қалыптастырады. Әсіресе, 15-баптың 6-тармағында мемлекеттік органның заңсыз әрекетінен келген



зиянды мемлекеттің өтеуі туралы норма шенеуніктердің азаматтарды әлеуметтік мәртебесіне қарай алауына қарсы тұра алатын құрал болады. Жобадан кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған қадамдар көрсетілген. Мәселен, 16-баптың 2-тармағында «әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды» деп көрсетілгені ескеруіміз керек. Ал құжаттағы теңдік іс жүзінде қалай жұмыс істейді деген заңды сұрақ туындайды. 35-бап, 4-тармаққа сүйенсек, Азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруге құқығы бірдей. Кандидатқа қойылатын талаптар тек оның кәсіби біліктілігіне ғана қатысты болуы тиіс. Ал егер азамат өзін кемсітушіліктің құрбаны деп санап, 12-бапты негізге ала отырып сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекет билікті заң көмегімен қорғауға кепілдік береді.

— Сот тәуелсіздігін нығайту және азаматтық қоғамның рөлін күшейту бағытындағы құқықтық нормалар қандай? Сондай-ақ азаматтар өзінің заң алдындағы теңдігі бұзылған жағдайда сот немесе басқа мемлекеттік органдар арқылы қалай қорғай алады?

әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, наным және тұрғылықты жері. Осы норма қоғамның әр мүшесіне, оның физикалық немесе әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан, мемлекеттің қорғауында болуына кепілдік береді.

Құжатта әлеуметтік жағынан осал топтарды қоғамдық өмірге тартудың құқықтық тетіктері нақтыланған. 31-бапта мемлекет азаматтарға жасына, науқастыққа, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріп отыр.

Ал 28-бапты аласак, тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына мемлекет тарапынан баспана берілетіні бекітілген. 33-бапта тегін орта білім алудың міндеттілігі мен жоғары білім алуға тең қолжетімділік — білім беру саласындағы инклюзияны қамтамасыз етеді. Конституция преамбуласында айтылған «Әділетті Қазақстан» идеясы мен 9-баптағы тілдік саясат мәдени инклюзияның көрінісі. Мемлекет қазақ тілінің мәртебесін бекіте отырып, барлық этностың тілдерін үйрену мен дамытуға жағдай жасайтынын мәлімдейді. Нағыз инклюзивті қоғамда әрбір азамат шешім қабылдау процесіне қатыса алуы тиіс. 35-баптың 1-тармағы азаматтардың тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығын бекітеді. 35-баптың 4-тармағы мемлекеттік қызметке кіруге теңдікті жариялайды. Осы өзгерістер кез келген әлеуметтік топ өкілінің мемлекеттік аппаратқа қызмет етуіне жол ашады деп ойлаймын.

Жобаның 5-бабында Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелері қолданыстағы құқықтың құрамдас бөлігі ретінде танылған. Ал 17-баптың 3-тармағында «Өлім жазасына тыйым салынған» деп қысқа әрі нұсқа жазылуы — Еуропа кеңесінің стандарттары мен Адам құқықтарының екінші факультативтік хаттамасына толық сәйкес келеді. «Хабес корпус» принципі, яғни адамды күзетпен ұстауға тек сот шешімімен рұқсат етілуі (18-бап, 2-тармақ) демократиялық елдердің басты стандарты.

Конституция — қоғаммен бірге тыныстайтын «тірі құқық». Болашақта біз цифрлық құқықтар, экологиялық қауіпсіздік және жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық дербестігі бағытында эволюциялық дамуды жалғастыра беруіміз керек. Десе де, қазіргі ұсынылып отырған нұсқа «Әділетті Қазақстанның» құқықтық сәулетін қалайтын ең мықты фундамент болмақ.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

НАРЫҚ

12 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

Дағдарыс уақытында ел аukatын сақтау үшін қажет болса, ондай заңдарды бір палаталы жаңа Парламент шұғыл қабылдауға тиіс болады. «Елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкімет заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дереу қарауға тиіс», — делінген 60-бабында. Сөйтіп, енді мемлекеттің мықтылығы әр шаңырақтың берекесіне дәулетімен өлшенбек. Бұл тұрғыда жаңа Конституция өндіріс пен экономикаға соны серпін береді деген үміт бар.

Ел экономикасы шикізатқа тәуелділіктен арылып, өңдеу саласына қарай бет бұрды. Осы өнеркәсіп 2025 жылы ұлттық экономиканың басты драйверіне айналды. Ұлттық экономика министрінің мәліметінше, былтыр өңдеу өнеркәсібінің басым бөлігінде оң динамика тіркелді. Ең жоғары өсім машина жасау саласында (+12,9%), дайын металл бұйымдарының өндірісінде (+13,6%), жеңіл өнеркәсіпте (+13,2%), химия өнеркәсібінде (+9,8%), құрылыс материалдарының өндірісінде (+9,7%), резинка және пластмасса бұйымдары сегментінде (+7,6%), қағаз өндірісінде (+5,3%) байқалды.

Үкімет өңдеу өнеркәсібіндегі осы серпінді сақтап қалуға ғана емес, оны жаңа деңгейге көтеруді мақсат етіп отыр. Вице-премьер — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің сөзінше, 2026 жылы да өңдеу өнеркәсібі ЖІӨ өсімін қамтамасыз ететін негізгі күш болмақ. Осы мақсатта Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі әр секторға қатысты шараларды егжей-тегжейлі пысықтай келе, өңдеу өнеркәсібін дамытудың Жол картасын әзірледі.

Саланың экономикадағы жүйелі ролін ескере отырып, бұдан былай Үкімет оның әр сегментіндегі әрбір блокты жеке жіліктеп, әлсіз жағын, талмау тусын, шектеулерін, өсудегі кедергілерді экономикалық штабтың отырыстарында бөлек талдауға шешім қабылдады. Проблемаларды және даму әлеуетін кешенді талқылау үшін экономикалық штабтың жұмысына салалық қауымдастықтар мен нарықтың ірі қатысушылары тартылмақ. Шикізатқа байланған экономиканың ғұмыры қысқа, ал өңдеу өнеркәсібіне негізделген мемлекеттің іргесі әрқашан берік.

ШИКІЗАТТАН ДАЙЫН ӨНІМГЕ

Өңдеу өнеркәсібінің шамамен 40%-ын құрайтын металлургияға ерекше назар аударылады. 2026 жылы металлургиядағы нақты көлем индексі (НКИ) қара металлургияны дамыту есебінен 103% деңгейінде болжанып отыр. Металлургияның елеулі үлесі саудада да сақталмақ. Ол — шамамен 5%. Машина жасауда да тұрақты өсім болжанған. Ол 2026 жылы 13,4% болуы мүмкін. Атап айтқанда, жеңіл автомобиль, жүк және арнайы техника, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы, ашық вагон, темір жол платформасы мен тұрмыстық техника шығаруды ұлғайту арқылы жүзеге асырылады. Химия өнеркәсібінде қолданыстағы және жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру есебінен 7% өсім күтіледі.

Премьер-министр Олжас Бектенов мәлімдегендей, Президент қойған міндетке сай мемлекеттің ендігі басты межесі — технологиялық жанару мен өнімділікті арттыру

АТА ЗАҢ АЙШЫҒЫ: ӘЛ-АУҚАТТЫҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ



болады. Бұл экономикалық саясатты түпкі нәтижеге, яғни халықтың табысын ұлғайту және экономикалық дербестікті нығайтуға қарай бағыттауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі тек экономикалық көрсеткіш емес, бұл ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың тұғыры.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыру және өңдеу өнеркәсібін дамыту қажетін қадап айтты. ЖІӨ құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі кен өндіруші сектордан асып түсті. Тарихи жетістік деуге болады. Осы жыл басында өңдеуші өндіріс көлемі 4,4%-ға артты. Бұл — былтырғы жылдың сәйкес кезеңінен біршама жоғары (2025 жылғы қантарда — 3,7%).

Үкімет осы қарқынды сақтап қана қоймай, одан әрі еселей түсуі керек. Жауапты мемлекеттік органдар ең перспективалы бағыттарды айқындап, мол өнім беретін әрі экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жауапты. Аталған шаралар сыртқы факторлардың әсеріне қарамастан экономиканың тұрақтылығын күшейтіп, экспорттық әлеуетті арттырады. Сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға және ұзақмерзімді ұлттық мүдделге сай заманауи индустриялық базаны қалыптастыруға жол ашылды.

ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРІ

Президент қойған міндетке сай, Өнеркәсіп министрлігіне өңдеу өнеркәсібінің құрылымын өзгерту жүктелген. Кейбір

бағыт бойынша әлі де болса төмен деңгейде өндiрiлген өнімдердің үлесі басым. Бұл — қосылған құнның негізгі бөлігі ел сыртында қалып жатыр деген сөз. Мұндай олқылықтың орнын толтыру үшін жоғары деңгейде өндiрiлген әр технологиялық жағынан озық өнімдер шығару ісін жолға қойған орынды. Осы орайда басымдықтар анықталды, оған: жинақтаушы бөлшектер шығару, локализация деңгейін арттыру, заманауи технологияларды қолдану, өндірісті автоматтандыру мен еңбек өнімділігін арттыру кірді.

Сонымен қатар Өнеркәсіп, Энергетика, Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика министрліктері мен «Бәйтерек» холдингіне 1 ай мерзімде қайта өңдеу саласында қосылған құны және экспорттық әлеуеті жоғары өнімдер шығаратын жаңа өнеркәсіптік жобалардың нақты тізбесін ұсыну тапсырылды. Іске қосылатын әр жоба өз алдына бөлек емес, экономикаға мультипликативті әсері тұрғысынан кешенді түрде қарастырылуға тиіс. Салалық меморандар, әкімдер перспективалы инвестицияларды қажетті инфрақұрылыммен, ресурспен, мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етуге міндетті.

Kazakh Invest-ке меморандармен, әкімдіктермен, «Самұрық-Қазынамен», «Бәйтерек» холдингімен бірге 1 сәуірге дейін ақпараттық толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етіп, Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада жобалардың өзектілуін қалыптастыру жүктелді. Бұл қолданыстағы жобаларға қолдау шараларын көрсету барысында жедел шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Президент елімізде мұнай-газ химиясы өнімдерін өңдеу деңгейі төмен екенін сынады. Бұл сала өңдеу өнеркәсібіндегі жаңа бағыттарды дамытуға негіз болуға тиіс. Энергетика және Өнеркәсіп министрліктері отандық компаниялардың өңдеуіне қажетті полимер шикізатты тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуі керек. Сондай-ақ полимер өнімдерін одан әрі өңдеуге арналған жобалардың нақты пулын ұсынуы қажет.

АӨК-те де өңдеуге басымдық берілмек. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты құрылымында әлі күнге астық пен ет сияқты шикізат басым. Мемлекет басшысы бұл мәселеге бірнеше рет назар аударды. Терең өндiрiлген өнімдер шығаруға күш салу қажет. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесін биыл 70%-ға дейін жеткізу міндеті қойылды. Табиғи ресурстарды шетелге жай ғана сату — өткен күннің еншісі, оны терең өңдеп, әлемдік нарыққа ұсыну — болашақтың кепілі.

НАҚТЫ ЖОБА — НАҚТЫ ҚАДАМ

Мұнай бағасының құбылмалылығы мен жаһандық геосаяси ахуал да Қазақстанды экономикалық құрылымды өзгертуге мәжбүрлеп отыр. Қазір Ирандағы ахуалға байланысты мұнай бағасы аспандап барады. Аймақтағы жағдай тұрақталса, қара алтын құны қайта құлдырауы мүмкін. Мысалы, былтыр мұнай-газдың түсетін түсімі төмендеген. Вице-премьер С.Жұманғарин ортамерзімді перспективада да мұнай-газ секторының ЖІӨ өсіміне қосатын үлесі біртіндеп төмендейтінін айтты.

БАЛЫҚ ӨНДІРІСІНЕ БІРІЗДІЛІК ҚАЖЕТ

Елде ең кенжелеп тұрған саланың бірі — балық шаруашылығы. Себебі балық өнімдерінің басым көпшілігі импортқа тәуелді. Ал балық шаруашылығымен айналысатындар арнайы көмек, браконьерлік жұмыстардың жолын кесу, балық өсіру, сату, өнімдер шығару ісін жүйеге түспей отырғанын алға тартады.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Үкімет дерегіне, Қазақстанда 2023 жылы балық өнімдері нарығының көлемі 88,3 мың тоннаны құрапты. 2024 жылы мөлшері 96,6 мың тоннаға жетсе, былтыр 99,5 мың болған. Өсім бар, дей тұрағмен, әліге дейін импортының көлемі басым түсіп тұр. Елдегі балық өнімдерінің 67 пайызы шетелдерден келеді.

Біздің елде балық өндірісі, соның ішінде аквадоминиетті дамытуға негізі мемлекеттік қолдау қарастырылған. Үкімет дереккөздеріне сүйенсек, кейінгі 3 жыл ішінде балық өсіретін шаруашылық саны екі есе көбейіпті. Бүгінде 700-ден астам шаруашылық жұмыс істеп тұр. Яғни, ресми мәліметтерге сенсек, балық өндірісінде барлық шаруаның жұмысы бірқалыпты. Ал балықпен айналысатындардың үежне құлақ түрсе, салада қордаланған түйткілдер бар. Мәселен, белгілі ихтиолог, балық өсіруші Мейрамбек Пазылбеков аквашаруашылықтарды дамытуға жоғары технология, білікті мамандар, қажетті құралдар және балық азығы жетіспейтінін айтады.

— Ел Президенті Үкіметтің кеңейтілген отырысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу және импортық тауарлардың үлесін азайту қажет деп айқындап берді. Тағам өндіруде біздегі аквашаруашылықтардың жұмыс істеуі өте маңызды. Бұл жағынан бәсекелестіктен қорықпаған жөн. Ең бастысы, мемлекеттен қолдау қажет. Өйткені біздегі аквашаруашылықтарды дамытуға жоғары технология, мамандар, қажетті құралдар және балық азығы жеті-

пейді. Сол себепті шетелге жалтақтап отырмыз. Жеміні өзі Иран, Қытай, Еуропа, Түркиядан келеді. Арнайы құрылғылар да солай. Бұлардың бағасы шетел курсына байланысты. Қабылданған бағдарламаның ортасына келсек те, әлі балық жемін шығаратын бірде-бір зауыт салынбады. Жем дайындайтын кәсіпорнын құру аталған бағдарлама шеңберінде орындалуға тиіс еді. Елде балық шаруашылығын дамытудың жолдары бар. Ол үшін заманауи технологияны қолдана отырып, балық түрлерін бір маусымда өсіруге болады. Сапалы жеммен қамтыған, оттегі беретін құрылғыларын дұрыс болса, көктемде салған шабағын күзде тауарлы балыққа айналады. Тағы бір маңызды балық түрі — форель. Елдегі Көлсай көлдерінен өзге табиғи су айдындарында жерсіндірілмеген. Жылдам өседі, қуны да жоғары. Біздің шаруашылыққа мұның уылдырғы шетелден, мұхит асып АҚШ-тан келеді. Одан соң өзіміздегі арнайы инкубациялық цехта уылдырықтан жарып құртшабақ түрінде шығып, тауарлы балыққа дейін арнайы бөлек бағылады. Форельді шабақ күйінде 1 грамнан бастап балық өсірушілерге сатуға болады. 300 грамнан жоғары болса, арнайы мейрамхана, кафе иелері ас мәзірі ретінде тапсырыс береді, — дейді кәсіпкер.

Үкімет 2021-2030 жылдарға арналған Балық шаруашылығын дамыту бағдарламасын бекітіп, ел бойынша 270 мың тоннаға дейін балық өсіруді мақсат етіп қойған болатын. Балық шаруашылығындағы инвестициялық жобаларға шығындардың шамамен 25 пайызын субсидиялау бағдарламасын да іске қосқан. «Аквашаруашылық туралы» заң да қабылданды.

Әйтсе де, Мәжіліс депутаты Анас Бақкожаев балық өндірісіндегі кем-кетік тұстарды да түргіп өтті. Депутаттың сөзіне қарағанда, балық шаруашылығына жеңілдетілген несиенен қолдау жасалып, ихтиология ғылымы зерттеліп, бірыңғай ақпараттық-цифрлық ашық жүйені тезірек қолданысқа енгізіп, зансыз балық аулайтындармен күрес күшеюі керек.

— Біздегі балық шаруашылығы кейінгі 20-30 жылда жап-жақсы қарқын алды. Әрине, дамыған елдер деңгейімен салыстыруға келмейді. Қолдағы мәлімет бойынша, кейінгі үш жылдықта 20 пайыз өсім байқалған. Аквадоминиеттің өзінен 20 мың тонна өнім шыққан. Өзен-көлдерден ауланған балықтың көлемі 50 мың тоннаға жетті. Мемлекеттік қолдау кейінгі 5 жылда 7-9 есе көбейген. Мұның өзі субсидия тұтынатын шаруашылықтардың көбейгенін көрсетеді. Егер нарықта балық өндірісінің көлемі көбейсе, бағасы да қолжетімді болады. Осы бағытта Үкіметтің 2030 жылға дейінгі бағдарламасы топ-тоуір. Әйтсе де, несиелендіру бағдарламасын онтайландыру керек. Ихтиологиялық зерттеулер дұрыс болмаса, уылдырықты жетілдіру ісі күйіп кетеді. Сондықтан сақтандыру саласын дамытқан жөн. Су ресурстарының цифрлық картасы тезірек жасалуы қажет. Сондай-ақ инспекторлар жетіспейді, соның салдарынан браконьерлерге тұсау жоқ. Бір кездері зансыз балық аулайтындарды анықтайтын мобильді қосымша жасалған, бірақ соны өліге дейін мемлекет деңгейінде қолдана алмай келеміз. Егер осындай ашық ақпараттық жүйе пайда болса, мемлекеттік инспекторлар браконьерлердің жолын кессе, азаматтар да зансыздықтарға бейжай қарамаса, балық өндірісінде бірізділік пайда болар еді, — деп түйді Мәжіліс депутаты.

Расында, зансыз балық аулау фактісі азаймай тұр. Мәселен, бір ғана Қарағанды облысы прокуратурасының мәліметінше, 2024 жылы 15 тоннадан астам зансыз балық аулау фактісі тіркелген. Сондай-ақ АШМ-нің «Бекіре-2024» кеңауқымды балық қорғау акциясы барысында, табиғат қорғау занама-сының 945 бұзушылығы анықталып, жолы кесілді. 2025 жылы Шығыс Қазақстан облысында «Уылдырық шашу-2025» акциясы осында 117 құқықбұзушылық анықталып, оның 92-сі зансыз балық аулау фактісі болып танылған. Атырау облысында да рейд барысында 530 келі зансыз ауланған



балық тәркіленіп, браконьерлік бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында «Бекіре-2025» акциясы кезінде браконьерлерге 21,5 млн теңге айыппұл салынды.

Ал жыл басынан бері Каспий теңізінде браконьерлікке қатысты 5 жағдай, Тобыл — Торғай бассейнінде 12 жағдай анықталып, ізі кесілген. Яғни, мұндай жөн-жосықсыз әрекеттер балық шаруашылығының дамуына тосқауыл болары хақ. Заңсыздықтың салдарынан «Қызыл кітапқа» енген бекіре, ақбалық сияқты сирек кездесетін балық түрлері азая беретін секілді. Бүгінде көбіміз біле бермейтін Арал албырты, Балқаш алабының тұқымы сирек, жок болып кетудің сәл-ақ алдында тұр.

Қызылорда өңірінің тұрғыны Марал Өтепов Арал теңізінің маңында тұрып, балықшы отбасында тәрбиеленіпті. Ол көрген-білгенімен бөлісіп, әр бейсенбі балық күні болғанын, уылдырық шашатын кезде балық ауланбайтынын еске алды.

— Өкеміз балықшы болатын. Бізді балық аулап асырады десек те болады. Арал балық зауытына, базарға балық өткізіп тұрды. Ол уақытта Аралдың сазаны, ақбалығы көп, адам бойына теңдей жайын ұстаған кездері болды. Балықты асып, тұтас әулетті шақырып мез-мейрам болатынбыз. Бірақ көктемгі

— Есесіне бұл төмендеу өңдеуші өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы сияқты салалардың озық дамуымен өтеледі. Құрылымдық өзгерістер қазірдің өзінде айқын байқалып отыр. 2010 жылы өңдеуші өнеркәсіптің ЖІӨ-дегі үлесі 11,3% болса, 2024 жылы 12,4%-ға жетті. Тау-кен өндіру секторының үлесі екі есеге жуық — 19,5%-дан 12%-ға дейін, оның ішінде мұнай мен газ өндіру үлесі 16,5%-дан 8,1%-ға дейін қысқарды, — деді ол.

Экономикалық күрделілік индексі бойынша Қазақстан әлемнің 145 елі арасында 2020 жылғы 87-орыннан енді 55-орынға көтерілді. Бірқатар перспективалы бағыт айқындалған. Табиғи ресурстарды және агро-өнеркәсіп кешені өнімдерін қайта өңдеу салалары экономикаға әсерінің жоғары болуына байланысты басым бағыттар ретінде белгіленді. Оның ішінде ең алдымен мына бағыттарды атап өткен жөн: барлық негізгі түсті металдар (алтын, мыс, мырыш, алюминий, қорғасын); кара металлургия; сирек кездесетін металдар; химия өнеркәсібі; мұнай-химия; газ өндірісі; агроөнеркәсіп өнімдерін жоғары және орта деңгейде қайта өңдеу; фармацевтика өнеркәсібі.

Жаңа проактивті саясаттың нақты бір кейсіне тоқталсақ: Қазақстан әлемдегі көмірге ең бай елдің бірі, бұл шикізат қазіргі өндіріс қарқынымен бірнеше ғасырға жетер еді. Яғни, көмір химиясын дамыту үшін ұлан-ғайыр шикізат қоры өзімізде мол. Көмір химиясындағы капиталды қажет ететін жобалар экспорттауға болатын аммиак, метанол, этанол, полипропилен және газ сияқты кең ауқымда тауар өндіруге мүмкіндік береді. Әлеуетті жобаның бірі — Қарағанды облысында жылына 2 млрд текше метр газ өндіретін, құны шамамен 2 млрд долларды құрайтын көмірден газ өндіру зауыты. Оны қытайлық Shandong Energy Group компаниясы жүзеге асырмақ.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағасаевтың мәліметінше, Қазақстанда өңдеу өнеркәсібіндегі жаңа жобалар есебінен өндіріс көлемі 7,3 млрд долларға жеткізіледі. Қамтыл шығаратын металлопрокаттан Silk Road Electronics кәсіпорнында Samsung тұрмыстық техникасы өндіріледі. Вагон жасау кәсіпорындарын да қажетті шикізатпен қамтиды. Металл өңдеуші кәсіпорындар мен кабель зауыттары арасында шикізат жеткізу жөнінде келісімдер жасалды. Қолайлы жағдайлар электротехникалық машина құрастыруды дамытуға ықпал етті. Мысалы, QazTehna зауытында отандық 08КП маркалы мырышталған болаттан автобустар шығарыла арналған әртүрлі металл элементтер жасалады.

— Осы жылы галий шығаратын өндіріс іске қосылады. Былтырғы желтоқсанда Мемлекет басшысының Жапонияға сапары кезінде ERG мен Mitsubishi Corporation арасында аталған металды жеткізу бойынша офтейк-келісімшартқа қол қойылды. Сонымен қатар жылына 2,4 мың тонна тазартылған сурьма өндірісін іске қосу жоспарлануда. Осылай еліміз металлургияның midstream сегментіндегі негізгі елдер қатарына кірді. Президенттің тапсырмасы аясында өңдеу өнеркәсібінің одан әрі дамуын айқындайтын 17 ірі жоба тандалды, — деді министр.

Осы ретте министрлік 9 жоба бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл импортка тәуелділікті азайтуға және экспорт әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, Ата Заң жанаһшылықтары мен Үкіметтің өндірістік жоспарлары — бір арнаға тоғысқан ірі мақсаттар. Ол мақсаттың нысанасы — бақуатты халық және қуатты Қазақстан.

ТҰЛҒА

12 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Алдыңғы толқынның легімен жарыса екіпиде, тізгін қағыстыра тақымдап, қадау-қадау аз шоғырдың арасын толтырып, алдыңғы лекті ілгері демеп, делебесін қоздырып, кейінгі толқынды ілестіре өздері де өреки ұмтылып, қазақ поэзиясын бүгінгі күдіреті күшті рух деңгейіне жеткізді. Егер де өткен кезеңдердегі өлеңнің даму деңгейін, тақырыбын, түрлік, буындық, ырғақтық, бейнелік, емеуріндік, астарлық, пафостық, ішкі иірімдік, тұспалдық, рухани сілкініс пен тебіреніс, түңілу мен торығу, тіпті қарғана ашыну сияқты жан дүние құбылыстарын жеткізудегі ерекшеліктерді салыстыратын болсақ, онда осы толқынның тұсында қазақ поэзиясының құлақ күйі барынша толысқан толғау күйге айналғаны анық танылады.

Иә, олар көп дауысты, көп үнді, бірінші дауысын бірі алмастырып, қазақ поэзиясын симфониялық деңгейге көтерді. Өкініштісі, сол толқынның дара тұлғасы анықталмағандықтан да, олардың басын қосып, ортақ сипаттарын анықтап, баға берілмей келе жатыр. Ал оларсыз қазақ өлеңінің бар қасиеті толық ашылмайды. Бүгінгі аспанға ұшып, жерге түсіп, алқынып, аптығып, жанын қонақтататын ұя таба алмай, дегбірі қашып жүрген қазақ өлеңінің бір тыныстар тамыры сол толқынның өкілдері болды.

Солардың ішіндегі ақындық қуаты, поэтикалық әлемі, жазу мәнері, тілдік бояуы, ақындық мінез-құлқы жағынан алғанда ерекше дараланатын тұлға, ол үнемі шамырқанудан жазбайтын шабыт иесі Кеңшілік Мырзабеков болатын. Оның өзі де, сөзі де, мінезі де ақыншалық еді. Оның тұмысынан біткен бұл шалкез бітімі бірінбірі толықтырып, арқаландырып, адуындатып жіберетін. Үнемі ұқыпты киініп, басын шалқак ұстап, кеудесін алға шығара бой түзеп, көзін белгісіз бір алыс көкжиекке қадап, жирен бұйра шашын саусағымен тарамдап қойып, мойнын бір шұлғып ап, бір қолымен мықынын ұстап, аяғын сүйрете шалқактай басып, жараған бұраша жан-жағына сес тастап, сол қолын сілтеп қалып, сөз шайқала түсіп, Мұқағалидың: «Ақын кетіп барады көшеменен» — деген өлеңін еске түсіріп келе жатқаны үнемі менің көз алдымда көлбеп қағып тұрады. Мына шабынған бұра сияқты айбынды сұсы оның сөзсіз ақын екенін танытатын. Өзі де солай ойласын деп бұл фәдетті машық еткен, көңіл күйіне айналдырған сияқты көрінетін.

Ол бұл фәдетінен өмір бойы жазбады. Өлең оқуға мінбеге көтеріліп бара жатып та (Ал оның мінбеге кара сөз сөйлегені есімде жоқ), түсіп бара жатып та, қарсы алғанда да, шығарып салғанда да, міндетті түрде, осы қимылдарды қайталайтын. Тіпті, оңаша екеуден-екеу сөйлесіп тұрғанда да сол қолын жеңін соза көтеріп, шашын бір сипап барып, бір шалқайып ап әңгімесін бастаушы еді. «Қарағым-ау, сол...», — деп білегіннен ұстағанда да көдімгідей мыты қысатын. Кеңшіліктің осындай ақындық мінез-қасиеті, өлең жазу және оқу мәнері, мінбегей өзін-өзі еркін ұстауы әдеби ортада оның мысын да, десін де басым етті. Аяғын соза аттап, кеудесін шалқак ұстап, сол қолын сермеп қойып мінбеге көтеріліп бара жатқанда, мұхиттың толқынын жара жүзген желкенді қайықты елестетуші еді, өзгені білмеймін, әйтеуір, маған солай көрінетін. Әлде, тұңғыш көрген кезімдегі ақындықтан дәмесі бар он сегіз жасар бозбаланың көңілінде сақталып қалған әсері ме екен? Ол да мүмкін.

Ол — Кеңшіліктің аты өрттей қаулап та, лаулап та келе жатқан кезті болатын. Университеттің әдеби кешіне жас ақын-жазушылар кездесуге шақырылды. Бес жүз адамдық сарай лық толды. Бірінен бірі өткен жас перілер. Назарымыз — Оралхан (Бөкей) мен Кеңшілікте. Екеуі де кеудесін кере шалқак ұстап, бастарын бір сілкіп қойып, бірінен кейін бірі мінбеге көтерілді. Сөздері де, өздері де жанға ыстық қан құяды. Кеңшілік мінбеге көтеріліп, сол қолын бір сермеп қойып, «Әубәкір!» — деп бір жөткірініп ап, оқи жөнелді.

Әуелден жалқы, әкеден жағыз әулеті, Дүбәкір әуей, ақ көңіл жегіт, әулеті, Албарда қой көп, ауласы той боп жататын, Он саусағы — өнер, қолының кірі — дәулеті... Дауысы күңірене созыла күңгірлеп, сөзін де соза мөнерлеп, екі қолына кезек еркіндік беріп, азан айтқандай баурап, студенттерді ұйытып алды. Бір қарасаң — Дүбәкір әулейі жан сияқты, ал шын мәнінде, трагедиялық туынды. Бойынды да, ойынды да шіміркендетті. Содан кейін әйгілі «Көк өгізді» оқыды.

Өлеңді бұлай жазуға да, дәл осылай оқуға да болады екен ғой. Көз алдыма соқа сүйреткен көк өгіз емес, «цоп-цобалаған» Дүбәкір пақырын да емес, күйкасы бырт-бырт үзіліп, туырылып түсіп жатқан сайын дала... шексіз көк аспан... сағым ораған аңызқан... құнары кетіп, құлазыған жазық келді. Тын көтеріміз деп бүкіл қазақ жері эрозияға ұшырап, аспан да, жер де тозаңға айналып, көзіне құм құйылған төрт-бес жыл бұрынғы көрініс елестеді. Дүбәкір аптапқа қарамай көк өгізге бишік ірірумен келеді, ал көк өгіз соқаны сүйреп... су іздеп келеді. Өзгені қайдам, мен Кеңшіліктің «Көк өгізін» осылай қабылдадым, осылай түсіндім. Содан кейін де неше рет тыңдасам, соншама рет сол әсерден арыла алмадым.

Әр толқында бір иірім, әр иірімде бір үйірім, сол үйірімнің ұйытқыма қалтқысы болады. Сол сияқты орманның орамында да, адамдардың арасында да бір ныспылы нысана болады. Егер де әдебиет иірімін толқынға баласақ, онда соғыстан кейін туып, тәуелсіздікке ат басын тіреген поэзия сандалдарын еске алсақ, соның ішіндегі үйірлі ұйытқының бірі және бірегей тұлғасы Кеңшілік Мырзабеков деп толық сеніммен айтуға болады. Алпысыншы жылдары өлең өлкесіне қадам басып, тоқсаныншы жылдары толысқан, арыны да, ағысы да, арнасы да, мінез-құлқы да тосын, Кеңшілік пен Жарасқаннан, Несіпбектен бастап, Ұлықбек пен Есенғалидан, Тыныштықпен етегін жиған бұл толқынның атақ-мансабы да алдыңғы аса қуатты және мәңгілік даңқты Мұқағали, Қадыр, Тұманбай, Жүмекендердің апайтөстеріне маңдайын соғып, кейін қайтқанмен де, кері кеткен жоқ, сол парасат иіріміндегі үйірімге айналды.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ, ЖАЗУШЫ

«ОРТАК ЖҮРЕК»

Тілі қандай тұшымды, тотияйын сияқты танымның тандайын ояды. Міне, ақындық күдірет деген осы. Ішінде тың көтергендердің «шанды жорығына» ашық қарсылық жоқ, бірақ ішкі тегеурінді қарсылық бар. «Бұл Әубәкір мен Көк өгіз қай ғасырдан кеп мінбеге шығып тұр?» — деген жүргізушіге, Кеңшілік: «Ұзынағаштан!» — деп жүргізуші ұстаздың туған жерін айтып санқ ете қалды да, қайқан басып, шашын бір сипап, сол қолын сермеп қойып мінбеге түсе берді. Біз қашан Оралханның қасындағы орнына барып отырғанда тік тұрып қол шалпақтап қошемет көрсеттік.

Осыдан бір жыл бұрын жас жазушылардың республикалық кенесіне қатысып келген ақын Мерғали Ибраев ағамның: «Алматы жас ақындардың баспанасыз астанасы екен. Кеңшілік деген сұрапыл жас ақын бар екен. «Далияны жатқан көк аспан, шалқайып жатқан шылапшын», — дейді. Қандай тенеу! Ана жұқа қанылтыр көк ала шылапшынды жұқа ақ жолақ бұлтты аспанға тенеу тұр. Бұдан өткен әсірелеу болмайды», — деп тамсана айтқаны есімде. Өзім де қыратты далада, «көгілдір ала шылапшынды» көріп өссем де, шындығын айтпайын, бұл тенеуді бойыма тоғыта қоймадым. Араға отыз жыл салып барып Торғайдың тостағандай дөңгеленіп, көкжиекпен көкмеркілген, төбенен күн шақшия төнген, бұлттары шымқай жұқа



Солардың ішіндегі ақындық қуаты, поэтикалық әлемі, жазу мәнері, тілдік бояуы, ақындық мінез-құлқы жағынан алғанда ерекше дараланатын тұлға, ол үнемі шамырқанудан жазбайтын шабыт иесі Кеңшілік Мырзабеков болатын.

Аспанды көргенде барып, Кеңшіліктің сол бір бозан тұстағы ақындық шалығына танғалдым. Әрине, көгілдір шылапшынды бүгінгі оқырман көз алдына елестете алмас, ал біздің есімде, тура Торғайдың тылсым көк аспаны сияқты шымқай көк қанылтыр ыдыс болатын. Ал Кеңшілік болса, әдебиетке өзін «Көк өгізін» жетектеп кіріп, өлең әлемінің ғарышына көтерілді.

Қалай жанына жақын тартып, бауырына басты, неге өзіміне ой бөлісті, оның себебін нақты айта алмаймын. Алдыңғы лектің сонынан ерген толқынның ағысы білінбей араласып кететіні сияқты, біз де жылыұшырап жүздесе бастадық. Сөлем беруші — мен, алушы — ол. Өзінің ұлы далалық поэтикалық әуен-мөнерімен баурап алғаны сондай, оның лирикалық өлең жазуға құлқы жоқ шығар деп ойлайтынмын. Бірде Несіпбек екеуміз «Жалын» журналына шыққан Кеңшіліктің:

— *Қарағым, біздің баста да, Қарлығаш-дәурен көп тұрмас. Қанатсыз қалсақ — масқара, Қанаты барлар жақтырмас,* — деген өлеңін оқығанда қатты таңғалғанымыз бар.

Кезекті бір бетпе-бет ұшыраса қалғанда аман-саулықтың орнына осы өлеңді оқи жөнеліп ем:

— Солай, қарағым. Бұл саған да айтылған сөз. Ширақ жүр, сергек бас. Көтер нықты.

Бір рет басындырсаң, мойның мәңгі мойынтырықта қалады, — деді «Көк өгізді» терминімен.

Тағы да күтпеген әсер. Мен болсам ғой, мұны ғашықтық лирика деп жүрсем, емеуріні мүлде басқа боп шықты.

Поэзияның тылсым емеуріні деген сол, әне. Ол — кеңдікке, шексіз кең көк аспанға, сағымдардың құлашының өзі орауға жетпейтін шексіз көкжиекке, көзге көленкесі түсетін бұтасы жоқ құлан иен далаға, бірінбірі шексіздікке жетелеп бара жатқан құлиек төбелерге, төбекүйкасы жұрттың қыраттарға шексіз және ессіз құмартумен өмір сүрді. Көз алдында, жан түкпірінде, қиялында тек сол шексіз кеңістік қана тұратын. Соншама кеңістікті кеудесіне сыйғызып, костюмін ығығынан асыра жамылып, саумал самалға омырауын аша тербетіліп манып бара жатқан бейнесі менің көз алдымнан әлі де кетпейді. Бұл «тербеліс» — тегін тербеліс емес, өлеңнің буына бусанып, сайын даланың бір түп жусаны мен бір түп қарағанына, бір ұыс бетегесі мен андызы қапқан тозанды Торғайына теңеу, ырғақ, мағына іздеп, дала симфо-

ниясының әуенімен тербетіліп бара жатқан тербеліс. Мүмкін, қаршадайында тағдырдың кара суығына ұрынып, балаң денесін ызғар қарыған, әдептің өлім кебінін жамылған он алты жастағы өспірім туралы:

Он алты жас. Алыс ауыл. Апрель. Бұзылған жол. Өкпек шығар — нәті жел. Ақшам. Іңір. Көз байланып барады. Бір боз бала қақпа айналып барады.

Ойлайды ол: «Сұр-сұр қақпа мына дәу, Қырысқ болды-ау, ұят шығар сұғалау». Ойлайды ол: «Сылтау етіп сәл затты, Ең болмаса, құл төзуге шығар-ау».

Ойлайды ол: «Бүгін айдың нешесі» Соғады өкпек кеткендейін есесі! Қараңғыда қақпайда қатқан тоң. Құйттай ауыл әлдеқашан жатқанмен Шыңдайды иыткераттың көшесі.

Он алты жас. Алыс ауыл. Апрель. Тәтті ұйқыда, қатты ұйқыда жатыр ел. Сұр қақпаның ауласынан сөнді шам Ойлайды енді ертеңгі кеш сәтін ол.

Сен де ойлашы, он бес-жиырма жыл бұрын Мұндай қорлық көрген жоқ па ең, «құлдығым», — деген байғұс баланың зар-мұны тербетіп бара жатуы да мүмкін-ау.



өз ортасы бар, араласуға еш қисыны жоқ. Әсіресе, Рымғали Нұрғалиев ұстазым: «Қазақтың төртінші жүзі» — деп атаған шағын да болса үкімет тізгінін ұстаған, Әсетті, Шәкәрімді, Аханды — Ахмет Байтұрсыновты көзі көрген ардагер қариялардың, дерлігі қайын жұрттың меймандары, десі басып тұрды. Мұзаған — Мұзафар Әлімбаев, Қабдеш Жұмаділов, Рымғали Нұрғалиев ағалар бастатқан еркін ойлы ғалымдардың дуы бір әлем. Ал орталарындағы «Жетісу» газетінің партиялық этиканы ұстанған қызметкерлері тым-тырыс. Және... Кеңшілік текті ақын текті шығармашылық иелері. Әр топтың өз сөзі, өз әні, өз биі, өз беделділері, өз мінездері бар. Әр ортадан сайланған, кезегімен ауысып жатқан асабалар да бастарын бір мәмілеге келтіре алмай әуре боп жатқан кезде... қолында ақ қағаз ұстаған Кеңшілік орнынан атып тұрды да, аспан айналып жерге түскендей зор дауыспен азандата-озандата жөнелді. «Лә-илла-һа — ил-лалла!» — деп қарияларды, редакция қызметкерлерін, өлеңімен жазушы-ғалымдарды өзіне қаратып алды да, арасында «Лә-илла-һа — ил-лалла!» қойып, жұртты тыныштандырып, өзіне қаратты. Содан кейін барып той бір арнаға көшті.

Зады, мына «тымырсық кеңістікке» Кеңшілік тұншығып кетсе керек. Сөйтіп, өңі кіріп еді. Білгенге, бұл да бір тәуекелі жауапты мінез еді. Өзгені былай қойғанда, Облыстық партия комитеті органының қызметкерінің жұрт көзінше сөзін «Бісмілла» мен «Лә-илла-һа — ил-лалла!» бастауы, ол кезде, қызметтен қуылумен аяқталатын. Ол екі парак жазуды маған әкеп берді де, орнына отырды. Сол сөздің сарғайған сартап қолжазбасы менде сақталып қалыпты. Мақтан үшін емес, өзінің қызметін бәсе сап, ақындық мінезімен «төрт жүздің» басын қосып, тойдың дұрыс өтуі үшін тәуекелге барған Кеңшіліктің рухына деген ризалығымды білдіру үшін және оның ақындық мінезін аша кету үшін сол «Батаны» сол қалпында ұсынамын.

«Лә-илла-һа — ил-лалла! Мұхаммед расул-алла! Бисмиллаһи раһман-и раһим! Уа, халайық!»

Советтік Социалистік Республикалар Одағында Тұрсын атты тағы бір қаламгердің шаңырағы ұғын қалап отыр.

Жүзбеген жүзді жинап, Ақ дастарқан ас-тұзын сыйлап, Ақ тілектердің түздығын тыңдап, Ақ жүректердің жылуын санап отыр. Қайыры қадам болсын, Гүл тұнған қадам болсын. Махаббатқа екеуі де адал болсын. Машахат маңайынан һарам болсын. Жақсыдан өнеше тисің, Ата-ана немере сүйсің. Иә... Иә, айтпақшы, таяудағы бес жылдықтың бірінде, Қазынадан өздеріңе кереге тисің!

Лә-илла-һа — ил-лалла! Мұхаммед расул-алла! Бисмиллаһи раһман-и раһим! Әмина, айналайын, ақынға әрқашан да жақсы бір бол,

Мұз-аған жазғандай, Ақ-Сұңқар бол. Ақынның жүрегі сенің қабағына берсін, Ақынның пейілін ақ дастарқаның мен тағамына берсін.

Ақындыр тілейтін бар жақсылықты сенің жолына берсін.

Ал ақын жігіт, соларын төкпей-шашпай сенің қолыңа берсін.

Лә-илла-һа — ил-лалла! Мұхаммед расул-алла! Бисмиллаһи раһман-и раһим! Уа, Тұрсын! Мінезді, өр, маңғаз Тұрсын, Сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз, Тұрсын, «Жетісуға» күнде мақала жаз, Тұрсын, Жеті жұртқа арнап күніне өлең жаз, Тұрсын.

Мұның бәрі бүгінгі ортақ тілек, Мен олаймын жүрекке жол тапты деп. Ортақ сезім, ортақ ой, ортақ пиғыл, Осы емес пе, құдай-ау, ортақ жүрек. Тұр, әрине, көмірге бәрі келмей, Көтерем мен бұл тосты дәрі, емдей. Адам — Ата, Хауа — ана алдына кеп, Адалдығын ақтарған сәбиіңдей!

Бисмилла-һи раһим, Шықсын, Тұрсын, ірі атын. Лә-илла-һа ил-лалла, Мұхаммед расул-алла — деп, Бата берді Кеңшілік деген бір ақын. Әумин. Алла-һу ақпар!

19 қыркүйек, 1974 жыл. Ол өзінің бұл мінезін табиғи көрсетуге тырысатын. Алайда асау арыны сөзінің екінінші буырықанысынан озандап дараланатын. Әлі есімде. Кеңшілік бұл еркіндіктен бойын тарта бастаған кезде, жиырма бестен асқан шағында екеуміз Алматы облыстық «Жетісу» газетінде бірге жұмыс істедік. Бұл Кастек Баянбаевтың: «Жетісуда істейді он бір ақын, газетті біреуі жоқ оңдыратын», — деп «өлендететін» тұсы. Кеңшілік өзін сондай ұқыпты, салмақты, байыпты ұстады. Қыры сынбаған костюм-шалбар, ақ қойлек киіп, ала галстук тағып, партиялық тәртіпке төзіммен көнді. Көндікпексе амал жоқ, үйлі-баранды болды, енді баспана керек. Ондай мүмкіндік «Жетісуда» бар. Содан күзге қарай менің үйлену тойым болды. Екі жүз елуіді адам тура төрт топқа бөлінді. Әрқайсысының

Топты бейберекет еркіндіктен тосылдырып, бір арнаға түсірген осынау «Батаның» мен үшін орны ерекше. Әйтпесе, әңгімесі мен өзлі басқа, салты мен дәстүрі басқа, жас мөлшерлері мен замандары алшақ, тіпті партиялары да басқа осынау меймандар қайда, кімнің тойында, кімдермен отырғандарын елемей, «төрт жүзге» (Кеңшілік «Жүздеген жүз» дейді соны емеурін етіп) бөлінген күйі тарқар ма еді, кім білсін?!... Тәубе, Кеңшіліктің «Батасы» қабыл болды. Бұл күнге де аман-есен, берекемен жеттік. Осы батада айтылған «жүрек ортақ» деген сөзді сол тойдан қалған байғазы және екеуара дос ниетіміздің белгісі ретінде қабылдап, естелігіме тақырып етіп қойдым. Ал «ортақ жүректен» оқшау сөз шықпайды.

21-28 қаңтар, 2025 жыл. Жеті қазына-Бағанашыл

ЖӨДІГЕР

КӨЛЕҢКЕДЕ
ҚАЛҒАН КЕСЕНЕ

Құпиясын құшағына көмген даламызда әлі де толық ашылмаған, зерттелу жағынан кенжелеп тұрған тарихи орындар мен тұлғалар аз емес. Солардың бірі – қазақ халқының танымында сұлулықтың символына айналған Құралай сұлу кесенесі.



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Тарихқа көз жіберсек, Мойынқұм ауданы, Кіші Камқалы ауылының маңындағы Құралай сұлу кесенесі – XVIII ғасырдың аяғында бой көтерген тарихи һәм мәдени мұра. Аңыз бойынша дүйім жұртқа әділдігімен құрметті болған қазақтың Монтай атты биі болыпты. Бірақ Монтайдың ұрпақсыз өмір кешуі бір ғана бидің емес, қалың жұрттың жүрегіндегі шер еді. Уақыт өте бидің тоқалы құрсақ көтеріп, Қайыргелді есімді ұл туады. Монтай бидің шаттығы ұзаққа созылмайды. Жалғыз ұлдары жастай қайтыс болып, ер мен елдің көңілі құлазиды. Елі биді жұбатауға жиылғанда Монтай би бір кісіден төрт құбыласы тең, он бір ұлы он бір ауыл болып отырған армансыз Келден жайлы естиді. Армансыз адамды көргісі келіп, арнайы байды іздеп барды. Келден бай да әділ би Монтай жайлы сырттай естіп, бір жүдесуді қалап жүрген екен. Келден ауылына келген биді қуана қарсы алып, екеуі сыр шертіседі. Сонда ел армансыз деп ойлайтын Келден батыр ешкімге айтпаған арманын Монтайға тарқатып, бір сырдың шетін шығарады.

Калмақ пен қазақ арасында сұрапыл соғыс болған жылдары аз ғана үй отырған қазақ ауылына калмақ шабуыл жасап, он үш жасар Келден жау соңынан қуып кетеді. Жаумен алысамын деп жүріп қолға түсіп, калмақ ханы Сейкынның тұтқынында бес жыл өткізеді. Сейкынның өзге балаларынан ең ерекшесі Құралай сұлу еді. Оның сұлулығы, мейірімділігі мен ақылдылығы күлді жұртты сүйсіндіріп, ер атаулыны ынтық еткен еді.

Бір күні Сейкин хан үлкен той жасап, тұтқындардың бәрін босатуға өмір етеді. Бірақ мәселе қазақ батырына келгенде, оны алдына алып келуін бұйырады. Келден батырға хан егер калмақ елін жау көрмей, дос тұтатын болса ғана босататындығын айтып, ант беруін талап етеді. Дұшпанға ант беруді намыс көрген Келден калмаққа дос болмайтынын, өлгенше күресетінін айтады. Осы әрекеті үшін хан оны қамауда ұстайды. Ерtesi күні таң ата батырды әлдекім тұртіп оятып, босатып алады. Қараса, Құралай сұлу екен. Құралай сұлу батырға шешесінің қазақ қызы екенін, он бес жасында калмақ қолына түсіп, Сейкин хан қазақ қызының асқан сұлулығына қызығып әйелдікке алғаны, шешесінің калмаққа қор болып, еліне деген сағынышы мен махаббаты үшін шерменде халде дүние салғаны жайлы мұның айтады. Шешесіне деген махаббаты мен Сейкин ханға деген өшпенділігі, калмаққа қор болмауын өтінін анасының өсиетінің осы күнге дейін байыз таптырмағанын сөз етіп, елден бірге қашуын сұрайды. Бір-бірін ұнатқан жастар елден қашып, қазақ жеріне беттейді. Артындағы калмақ қуғыншыларымен алысқан Келден оларды мерт қылып, кетіп алады. Әрі қарай Келден батыр мен Құралай сұлу бір жерде дамылдап алмақ болады. Әлденден ескенген Құралай бұл жерге аяламауды сұрағанымен, Келден сол жерде тынығып алуды ұйғарады.

Суға түсуге кеткен Құралайды күтіп отырған батыр сәлден соң сұлудың жанұшырған даусын естиді. Есі шығып, өзенге қарай жүгірген батыр Құралайға тап берген жолбарысты көреді. Деру жолбарыса садақ кезеп атып түсіргенімен, батыр сүйген сұлудың құтқарып үлгермейді. Қапныда мерт болған сұлуға Келден батыр 40 нарға жүк артып келіп, кесене тұрғызды.

1924 жылы Орынбор қаласында оқып жүрген жас ақын Иса Байзақов ел аузынан естіген аңыз-

әңгімелердегі деректерге сүйеніп, «Құралай сұлу» поэмасын жазды.

— 1997–1998 жылдары бұл жерге арнайы барып, кесенені көрген едім. Сол кезде құламаған бір босағасы ғана қалыпты. Нобайы сол аймақтағы кесенелерге ұқсас, биіктігі 3 метрдей болатын. 1982–85 жылдары Мәскеудегі орталықтың рұқсатымен қазақ құсбегілігіне арналған фильм Мойынқұм ауданында түсірілді. Мен түсірілім жүріп жатқан жұмыс тобының басы-қасындамын. Бір күні сол кезде ауданды басқарып тұрған Айтбай Назарбеков қасыма келді. Келе сала құлағамыз сыбырлап: «Ана киноға түсірушілерге Құралай сұлудың кесенесін көрсет, махаббат символы екенін түсіндір, мүмкін болса бейнетаспаға кесенені түсіріп алыс, ертен орнын да таппай қалуымыз мүмкін. Ескелен ұрпақтың ұлықтағанына жақсы болады», — деді. Сол сөз көпке дейін ойымнан шықпай қойды. Ақыры бұл оқиға «Құралай сұлу» аншылық шаруашылығын ашуыма себепкер болды, — дейді саятшы, этнограф Жапар Тілеужанұлы.

Тарихтан сыр шерткен Құралай сұлу кесенесі 1996 жылы құлап қалғанымен, 2014 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта қалпына келтіріледі. Мазардың бастапқы болмысын суретші Айдархан Сихаев бұзбай, биіктігі 9,5 метрге жететін кесене тұрғызды. Сонымен қатар Жамбыл облыстық Мәдениет басқармасының қарамағына алынған бұл нысан бүгінде мемлекеттік қорғаудағы тарихи-мәдени ескерткіш мәртебесіне ие.

Бүгінде Құралай сұлу кесенесіне жету қиямет қайым. Құмның ортасында орналасқан тарихи орынға апарар жолдың сапасы сын көтермейді. Осы орайда Құралай сұлу кесенесіне инфрақұрылым жүргізу жұмыстары жоспарда бар-жоғын білмек мақсатта Мойынқұм ауданы әкімдігіне хабарластық. Алайда ондағылар мардымды жауап бермеді. Амаз жок, анық-қанығын бір білер деген оймен облыстық Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының есігін қақтық.

— Негізі Құралай сұлу кесенесі біздің мекеме тарапынан барынша қорғалуда. 2017 жылы кесене «Қасиетті Қазақстан» жобасы аясында географиялық картаға еңсе, 2025 жылы «Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени мұралар» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тізімге алынды. Енді кесенеге инфрақұрылым тартып, айналасын абаттандыру билік өкілдерінің еншісінде. Мойынқұм ауданы әкімдігі бұған қазынадан қаржы қарай алмайтыны анық. Бүгінде Жамбыл облысында 35 туристік тарихи нысан болса, олардың бірде-біреуінде жағдай жасалмаған. Тек Ақыртас қалашығы ғана абаттандыра алдық. Тіпті, ЮНЕСКО тізіміне енген Баласағұн қалашығының өзіне жағдай жасай алмай отырмыз.

Тарихи орындарға туристерді тарту үшін, ең алдымен жол, жарық, су керек. Міне, осы мәселені шешу үшін Жол картасын әзірлеу керек деп ойлаймын. Сол кезде ғана өңірде туристер лек-легімен ағылып, экономикалық әлеуетіміз артып, тарихи-мызды да төрткүл әлемге танытатын боламыз, — дейді Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының директоры Сауран Қалиев.

Иә, байқап тұрсақ, өңірдегі туристік нысандар жетімнің күнін кешіп тұр екен. Не қолдау, не қаржыландыру жоқ. Сондықтан кесенелерді жаңғыртуға мемлекеттік Жол картасын әзірлеу керек. Бір жағынан, келешекте туристерді тартып қазынаға тисімді қартырса, екінші жағынан, жаңғырған нысандар келер ұрпаққа мол мұра болып қалатындығы анық.

МӘСЕЛЕ

Ақпан аяқталар тұста ақтүтек боран еліміздің бірқатар аймағында сойқан салды. Соның ішінде Қызылорда халқын да біраз әбігерге түсірді. Бұршақ аралас жаңбырдың соңы қарға ұласып, көше адам жүре алмайтын көктайғақ күйге түсті. Өңірде дабыл қағарлықтай жағдай болып, мектептер жаппай онлайн форматқа ауыстырылды. Ең қиыны, қатты желдің салдарынан қаланың бірқатар бөлігі мен алыс-жақын ауылдар жарықтан ажырап, жылусыз қалды.

ЖАРЫҚТЫҢ ЖАЙЫ
ЖАСЫРУҒА КЕЛМЕЙДІ

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Негізінен, Қызылорданың электр желілері табиғаттың тосын мінезіне төтеп бере алмайтын күйде тұрғаны бұрыннан белгілі. Сәл жел тұрса жарық өшіп, шамдарын сайлап отыру тұрғылықты халықтың үйреншікті әдетіне айналған. Бұл келенсіздік өңірде бірінші рет болып тұрған жоқ.

Естеріңізде болса, Сыр өңірінде дәл осындай жағдай 2023 жылы да болған еді. Ол кезде дүрбелең ақпан емес, қаңтар айында басталған болатын. Үш жыл бұрынғы қаңтар жаңбырмен басталып, толассыз жауған жауын салдарынан көшелерді су басып, тіпті кейбір көпқабатты үйлерді су шайып кеткені ел есінде. Бұл аз десеңіз, табиғаттың тосын мінезінен бірқатар аудан мен қала аумағы жарықсыз қалып, жарықпен бірге жылу жүйесі ажырап, қара халық дүрбелеңге түскен. Осылайша, ала жаздай қыстың қатал мінезіне қызу дайындық жүргізіліп айтқан құзырлы орындардың сөзі құр дақырт екенін осы бір жағдай ашып көрсетіп берген болатын.

Бұл жағдайдан кейін облыс әкімдігінде шұғыл жиын өткізіліп, халықты үздіксіз электр жарығымен қамтамасыз ете алмаған бірқатар тұрға сынның астында қалды. Нақты айтқанда, сол жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев халықты қолайсыз жағдайға қалдырып, өз міндеттерін дұрыс атқармаған жауаптыларға көңіл толмайтынын жеткізген. Нәтижесінде, сол кездегі орынбасары мен қала әкіміне ауызша ескерту, сондай-ақ энергетика мен ТКШ басшысына, «Қызылорда электр тораптары компаниясының» директорына және қала әкімінің орынбасарына қатаң сөгіс жариялағанын білеміз.

Бұл келенсіздікке дейін қалалағы үлкен трансформаторлардың күрделі жөндеу жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен 4 млрд теңге қаржы қаралған. Бірақ бөлінген қаржы межелі мерзімде игерілмей, қыруар қаражат кейін қайтарылғаны белгілі болды. Бұл 2021 жылғы жағдай. Одан кейін тозған желілерді шұғыл жөндеуге 500 млн теңге қаржы қаралып, одан да оң нәтиже болмағаны айтылып қалды.

Сол уақытта «Қызылорда Электр тораптары компаниясы» АҚ тарапынан облыста электр желілері мен қосалқы стансалардың 70 пайызының тозығы жетіп тұрғанын жеткізген. Ал мұны қалпына келтіру үшін үлкен көлемде инвестиция қажет екенін алға тартқан болатын. Бұл түйткілді түбегейлі шешу үшін жыл сайын 330–350 шақырым болатын электр желілері мен подстанцияларды жөндеуден өткізу қажеттігі туындап тұрғанын да жазсырмады. Өңірдегі төтенше жағдайға байланысты электр желілеріне

қатысты түйткілді шешу тетіктері қарастырылатыны да айтылып қалды. Алайда биылғы жағдай жауапты тұлғалардың сол кездегі келенсіздіктен әлі де сабақ алмағанын аңғартып тұр.

Жайы үш жыл бұрынғы ахуалдан да асып түсті деп айтуға болады. Қаланың бірқатар аумағымен қатар, іргедегі Сабалақ, Махамбетов сынды елді мекендер де жарықсыз қалды. Тіпті, бірнеше тәулік бойына жарық пен жылудан қол үзіп, өлместің күйін кешкендердің қарасы қалың.

Қыстың қытымыр мінезіне шыдап бере алмай, қараңғы бөлмеде бұрсаң қаққан тұрғындардың халі біраз келенсіздіктің бетін ашып берді. Жауапты мекемеге сан мәрте қоңырау соқса да, мәселені желел шешу мүмкін болмағаны ойлантады. Мұны тұрғылықты халықтың өзі де растап отыр.

«Негізінен, Сабалақ ауылында шешімін күткен өзекті мәселелер шаш-етектен. Оның ішінде жарыққа қатысты мәселе жүйкені жұқартып тұр. Сәл жел тұрып жаңбыр жауса, жарықсыз қаламыз. Жыл сайын жауапты орындарға айтып та, жазып та жүрміз. Бірақ бұл мәселе өзгеріс шешімін табар емес. Өңірде болған табиғи құбылыста да жылдағы жағдай қайталанып, бір тәуліктен астам уақыт жарықсыз қалдық. Апатты жағдайды қалпына келтіру жұмыстары аяқталғанша



қара түнекте отыруға мәжбүр болдық. Ауыл халқын мазалаған тағы бір маңызды мәселе — көгілдір отын. Өткен жыл аяғында Сабалаққа көгілдір отын жетті. Алайда жарықтың жайы түбегейлі шешілмесе, көгілдір отынның да күйі қашады екен. Әсіресе, қақаған қыста жарық сөнсе, тұрғындар жылудан да қол үзіп қалатынын жауапты орындар ескерсе екен», — дейді Сабалақ тұрғыны Жанар Накипова.

Мәліметке сәйкес, қатты дауыл кезінде көшеде бей-берекетсіз өскен талдар электр желілеріне шырмалып, мұның соны халықтың бірнеше тәулік бойына жарықсыз



қалуына өкеп соқтырған. Нәтижесінде, 250-ге жуық жарық бағаналары құлап, 80 шақырымдай электр желілері үзілген деген дерек айтылады.

Бұл жерде мәселені біржақты қарауға да болмайтын сияқты. Бірінші кезекте, өңірде электр желілерінің ескіруі сәл жел тұрса жарықты ажыратуға мәжбүр етіп тұрғанын қаперге алсақ та, жыл бойына қаланы көркейтеу мәселесіне көңіл бөліп, талдарды қырку жұмысын мойнына алған жауапты мекемелердің де міндеті екенін ескерген жөн сияқты. Яғни, ағаштар талапқа сай қыркылса, электр желілеріне де зардабы болмас еді. Сондықтан да бұл келенсіздікке кенінен талдау жасау өздігінен сұранып тұр.

Өңірде болған төтенше жағдайға орай жарыққа жауапты мекеме де жауапсыз қалмады. Бұл тұрғыда КРЭҚ тарапынан қатты желдің салдарынан талдар сынып, электр желілеріне зақым келтіргенін айта келе, жарық бағаналары құлап, бірқатар аумақта жарық сөнгенін жеткізді. Соған орай, «Қызылорда Электр тораптары компаниясы» АҚ-ның мамандары тәулік бойы жедел әрекет жасап, ақауларды қалпына келтіруге жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Бүгінде табиғаттың тосын мінезінен туындаған зардап қалпына келтіріліп, халық жарық пен жылуға қайта қол жеткізді. Дей тұрғанмен, бұл жағдай токмейілуге болмайтынын, әлі де атқарылуға тиіс шаруаның аз еместігін аңғартып тұр.

Әрине, табиғаттың тосын мінезіне тосқауыл бола алмаймыз. Алайда жауапты орындар өңір инфрақұрылымы төтенше жағдайға сақалдай сай болуын үлкен жауапкершілікпен қарастыруға тиіс. Неге екені белгісіз, бұл жолғы ахуалға байланысты жергілікті әкімдік шұғыл жиын өткізбеді. Халыққа келенсіздіктің салдары жеткілікті деңгейде түсіндірілмеді. Алайда бұл атүсті қарайтын жағдай еместігін қаперде ұстап, алдағы уақытта тиісті шаралар қабылданады деп үміттенеміз.

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС-ның 2025 жылғы есептер бойынша жария тыңдауын өткізу туралы.

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңының 25-бабының 6-тармағына сәйкес, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және 2025 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында Серіктестік қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептің жүргізілетін туралы хабарлайды.

1) Табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері: «МұнайТас» СБҚК» ЖШС Алматы қ., Тимирязев көш., 26/29, BNC Plaza бизнес-орталығы, 6-қабат.

2) Есептің өткізілетін күні мен орны: 2026 жылғы 22 сәуір сағат 11:00-де: Алматы қ., Тимирязев көш., 26/29, BNC Plaza бизнес-орталығы, 6-қабат, конференц-зал.

3) Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: «Кенкияқ-Атырау» магистралды құбыр жүйесі арқылы мұнай тасымалдау.

Қосымша ақпаратты келесі телефон нөмірі арқылы алуға болады: +7(727)312-22-12 (ішкі:3850). Байланысушы тұлға: Қожахметова Дилар.

О проведении публичного слушания ТОО «СЗТК «МунайТас» по отчетам за 2025 год.

ТОО «СЗТК «МунайТас» в соответствии с пунктом 6 статьи 25 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях» от 27 декабря 2018 года №204-VI, уведомляет о проведении отчета об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности Товарищества перед потребителями и иными заинтересованными лицами по итогам 2025 года.

1) Наименование и место нахождения субъекта естественной монополии: ТОО «СЗТК «МунайТас» г. Алматы, ул. Тимирязева 26/29, бизнес-центр BNC Plaza, 6 этаж.

2) Дата и место проведения отчета: 22 апреля 2026 года в 11 часов 00 минут по адресу: г. Алматы, ул. Тимирязева 26/29, бизнес-центр BNC Plaza, 6 этаж, конференц-зал.

3) Вид предоставляемых регулируемых услуг: транспортировка нефти по системе магистрального трубопровода «Кенкияк-Атырау»

Дополнительную информацию Вы можете получить по телефону: +7(727)312-22-12 (вн.3850). Контактное лицо: Қожахметова Дилар.

Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Астана су арнасы» МКК Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 25 қарашадағы №105-НҚ бұйрығына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің тұтынушыларына 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап сумен жабдықтау және су бұру саласында көрсетілетін қызметтерге қолданыстағы тарифтер туралы хабарлайды.

№ п/п	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі.	ҚҚС қоспағандағы тариф	16% ҚҚС-ты есептегендегі тариф
1. Суды магистралды құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру (ауызсу)				
1.1.	1-топ тұтынушылары (тұрғындар)	тенге/м³	102,90	119,36
1.2.	2-топ тұтынушылары (жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу қызметтерін көрсететін кәсіпорындар)	тенге/м³	307,28	356,44
1.3.	3-топ тұтынушылары (бюджеттік ұйымдар)	тенге/м³	425,11	493,13
1.4.	3-топ тұтынушылары (заңды тұлғалар және тұтынушылардың 1 және 2 тобына жатпайтын өзге тұтынушылар)	тенге/м³	425,11	493,13
2. Сарқынды суларды бұру және тазарту (су бұру)				
2.1.	1-топ тұтынушылары (тұрғындар)	тенге/м³	109,84	127,41
2.2.	2-топ тұтынушылары (жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу қызметтерін көрсететін кәсіпорындар)	тенге/м³	421,64	489,10
2.3.	3-топ тұтынушылары (бюджеттік ұйымдар)	тенге/м³	541,85	628,55
2.4.	3-топ тұтынушылары (заңды тұлғалар және тұтынушылардың 1 және 2 тобына жатпайтын өзге тұтынушылар)	тенге/м³	541,85	628,55
3.	Суды магистралды құбыр жолдары арқылы беру (техникалық су)	тенге/м³	49,99	57,99

12 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Дулат Исабековтің «Бонапарттың үйленуі» әңгімесін бір деммен оқып шығуға болады. Бірақ жеңіл юмормен жазылған бір әңгіменің өн бойында бір емес, бірнеше мәселе қылаң береді. Дәл осы шығарма желісімен жақында қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театры комедияның премьерасын қойды. Күлдіру үшін емес, күлкі арқылы көрерменді оятуға бағытталған қойылымды біз де тамашалап қайттық. Қойылым барысында қоғамдағы өзекті мәселелер – ұлттық құндылықтардың әлсіреуі, салт-дәстүрдің мәнін жоғалтуы, тіл мен ұлттық болмысқа деген немқұрайдылық секілді тақырыптар астарлы юмормен жеткізіледі.



САЛТТЫҢ СЫНЫ

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ол әңгіме жазылғаннан бері жарты ғасыр уақыт өтсе де, сол замандағы мәселелердің күрмеуі әлі күнге шешілмей, елдің денгейі де сол құралпылас күйінде. Спектакль барысында әр кейіпкердің образына күле отырып, дәстүріміздің ұмыт болып қалатынына іштей қынжылып та алдық. Есімі қазақ топырағына жат Бонапарт деген өзіміздің қазақтың қара баласы. Қойылым осы жігітті үйлендіру кезіндегі шытырманға толы оқиғаны баяндайды. Қысқасын айтқанда, бір айдан кейін келіншек әкелетін боп отырған он бір баланың арасында өскен Бонапартты ата-анасы сүндетке отырғызуды ұмытып кеткен. Онысы ұлы жігіт болып «үйленемін» дегенде ғана есіне түседі. Бұл күтпеген оқиға еді. Оны да еске түсірген – ауылдан келген Дөржан мен Испания мемле-

күйіп-піседі. Ақыры, қазақтың салтына сай сүндетке отырғызуды рәсімін де жасайды. Нағыз қызық пен әбігер дәл осы жерден басталады. Оқиға барған сайын шиеленісе түседі. Сүндеттелген Бонапарттың жарасы оңайлықпен жазылмай, оның жағдайы бәрін әбігерге салады.

Қойылымда салт-дәстүр тек Дөржанға керек сияқты. Шетелде тұрып, шетелде білім алған, тамырынан баяғыда ажырап, қазақы болмыстан ада болып үлгерген ағайыны үшін ұлттық құндылықтардың маңызын түсіндіруге тырысады. Бұл образды сахнаға алып шыққан Ерлан Малаев сомдаған кейіпкерінен біраз нәрсе үйренгенін айтты.

— Дөржан — қазақтың салт-дәстүрін сақтап қалуға мақсат етіп, оның ұмытылып кетпеуін алдымен өз туған-туыстары арқылы бастауды жөн көрген кейіпкер. Жақындарына бүгінгі жоғалып бара жатқан дәстүрдің барлығын

САХНАДА



Осы арқылы қазіргі қоғамдағы тілге деген немқұрайдылық мәселесін де астарлап көрсетуге мүмкіндік туады. Құйрық-бауыр асату, сәлем салу, сүндетке отырғызуды сияқты ұлттық дәстүрлердің мәнін түсінбей, «бұлар ескіліктің қалдығы» деп қарайтындар әлі де кездеседі. Осындай көзқарастар бүгінгі қоғамда алдымыздан шығып, ұлттық құндылықтар туралы ойлануға мәжбүр етеді.

ұмыт бола бастаған. Бұлар біздің тарихымыз, коддымыз ғой. Сондықтан қазақы болмысымызды сахнадағы отбасымыз арқылы көпке жеткізуге тырыстық. Миссиямыз кішігірім болса да орындалды деп ойлаймын. Көп жағдайда театрға келген адамдар шық-

қаннан кейін ойланып кетсе екен дейміз, — дейді актер Ерлан Малаев.

«Бонапарттың үйленуі» — күлкі арқылы күрделі мәселелерді көтеретін комедия. Қойылымның инсценировка авторы және қоюшы режиссері — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов. Айтуынша, әңгіменің театр тіліне сай жазылуында бірнеше өзгеріс қосылған. Біріншісі, шығармадағы негізгі оқиға ауылда өрбісе, режиссерлік шешім бойынша оның сахналық нұсқасы қала өміріне бейімделіп көрсетілді. Оның себебі осы арқылы қазіргі қоғамдағы тілге деген немқұрайдылық мәселесін де астарлап көрсетуге мүмкіндік туады. Құйрық-бауыр асату, сәлем салу, сүндетке отырғызуды сияқты ұлттық дәстүрлердің мәнін түсінбей, «бұлар ескіліктің қалдығы» деп қарайтындар әлі де кездеседі. Осындай көзқарастар бүгінгі қоғамда алдымыздан шығып, ұлттық құндылықтар туралы ойлануға мәжбүр етеді.

— Осы шығарманың желісі негізінде мен бүгінгі күннің өзекті мәселелерін де арасына енгізіп жазғым келді. Сон-

«Бонапарттың үйленуі» қойылымы, бір сөзбен айтқанда, қалада тұратын бір отбасының ғана емес, тұтас қоғамның көзқарасын, діни ұстанымын, дәстүрге деген жауапкершілігін әшкерелейді. Қойылымда ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүрдің өз мазмұнынан айырылып, тек даңғаза формаға айналып бара жатқаны ашық мысқыл арқылы көрсетілді. Осылайша, қойылымда күлкі мен терең ой қатар өріліп, көрерменді әрі күлдіріп, әрі толғандырады.

— Президентіміз де ел тарихына, ұлттық құндылықтарға ерекше көңіл бөліп келеді. Әрбір жолдауында ұлттық кодты, генетикалық кодты жаңғырту мәселесіне тоқталып жүр. Әсіресе, мәдени ошақтардың осы мәселеге айрықша назар аударуы керектігін жиі атап өтеді. Біз театр саласында еңбек етіп жүргендіктен, сахна арқылы елге, ұлтқа қызмет етіп, сол ұлттық құндылықтардың жаңғыруына өз үлесімізді қосуға тырысып келеміз.

Әр қойылымға актерлерді таңдауда ерекше мән береміз. Комедия жанрында ойнау оңай емес. Сондықтан құрамды іріктегенде табиғатында қалжыңға жақын, юморды сезіне алатын актерлерді таңдауға тырыстым. Сонымен қатар басқа да шығармашылық жұмыстар қатар жүріп жатқандықтан, сол жерлерден уақыт жағынан ыңғайлы, сахнаға шығып жұмыс істеуге мүмкіндігі бар актерлерді тартуға назар аудардым. Өйткені актер сахнадан біраз уақыт қол үзіп қалса, оның шығармашылық қуаты бәсеңдеп кетуі мүмкін. Осыны ескере отырып, екі шығармашылық құраммен жұмыс істеп, қойылымды сахнаға шығардық, — деді режиссер Болат Ұзақов.

Режиссер Болат Ұзақов осы премьераның арқылы тағы бір өзекті мәселенің бірі — ауыл тұрғындарының жаппай қалаға көшуін көрсетуді мақсат еткен. Режиссердің осы ойын толықтыра түсетін мысал бар. Дөржан мен Испанәлі ақыры көздеген мақсаттарына жетеді. Қаладағы қымбат мейрамханада, үш тілде өтеді деп жоспарланған салтанатты той күтпеген жерден ауылда өтеді. Осылайша, оқиға ауыл тіршілігінің шынайы көрінісімен астысып, ұлттық болмыстың қадірін тағы бір мәрте еске салады. Қойылым соңында туған ауылына қайта оралған Әбдіәшімді туған жердің топырағы ерекше тебірентеді. Спектакльдің соңында кейіпкерлер көрнекті композитор Теміржан Базарбаевтың ақын Жабайыл Бейсеновтің сөзіне жазылған «Ауылым» әнін орындап, туындының негізгі идеясын тереңдеті түсті.

Көрерменді күлдіре отырып, қоғамдағы түрлі мәселеге назар аударған спектакль еріксіз толғандырады. Шынында да, Дулат Исабеков айтқандай, қазақ болып өмір сүру — қызық...



кетінің құрметіне Испанәлі есімін алған жас жігіт. Қойылымда осы екі кейіпкер ғана қазақ дәстүрінің аяқасты болуына араша түсіп, келер ұрпаққа сақталуы жолында күрескер образдарда көрінеді. Әбдіәшімнің ағасы бұл іске ерекше алаңдап, Бонапартты қалайда сүндетке отырғызуды керек деп қатты

үйретеді. Сондықтан кішкене ауылдың ақсақалы ролін ойнау үшін біраз ізденіп, өз денгейінде сомдап шығуға тырыстық. Өзім білмеген дүниені кейіпкерім үйретті. Қазіргі дәстүрдің көбі ұмытылып бара жатыр: отқа май құю, сәлем салу, беташар, құда құту, құйрық-бауыр тарту. Мұндай салттар кей өңірлерде

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4715
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,